



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№15 (655)
9 СӘУІР,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

Сейдалы Біләлов:



20 ЖЫЛ

ҚАЗБА ЖҰМЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН ҚАЛАЛАР БАР

Ұшы-қиыры жоқ кең дала. Кең дала болғанда кәдімгі сары дала. Төбеде түскен күн шеңдегі тесіп жіберердей ыстық. Ашық алаңайда, аспан астында қолына құралын алып, табылған жәдігерді тазалап отырған археолог. Оқуды инемен құдық қазғандай деуші едік, өткен мен бүгінді бір-бірімен сабақтастыра жүріп, ізденетін ғалымның еңбегі де одан асып түспесе, кем емес екен.

Облыс аумағында орта ғасырлық қалалар жетерлік. Арал мен Жаңақорғанның арасындағы атырапты аралап, экспедиция құрамында тарихтың тамырын тартып та жүрдік. Жапан түзде бабалардың ізіне түсіп, топырақтың арасынан тарихты тауып жүрген осы азаматтардың енебіне талай тәнті болғанбыз. Ғылым қызметкерлерінің күні таяғанда ойға бірінші келгені осы археологтар болатын. Ой еңбегі мен дене еңбегін ұштастырған салаға сан жылын арнап келе жатқан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің археология және этнография ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері Сейдалы Біләловпен сұхбаттасудың сәті түсті.

3-БЕТТЕ

МӘДЕНИЕТКЕ МӘН КЕРЕК

Мәдениет деген кезде ойыңызға бірінші не келеді? Сіз атаған жауаптың бәрі дұрыс. Бұл – театр, кино, адамның өзін-өзі ұстауы, қоғамда қалыптасқан адамгершілік қасиеттер, дұрыс сөйлеу, өнер, дәстүр секілді ұстанымдар жиынтығы. Мәдениет – көшеде жүрге қоқыс тастамаудан бастап, мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық ойлауға дейінгі аралықты қамтитын ұғым. Біз бүгін қандай қоғамда өмір сүріп жатырмыз? Технология дамыған, ақпарат тасқыны жүрген, бірақ рухани құндылықтың құны қысқарған кезеңдеміз.

Біздің қазір танытын тұлғаларымыз – Илон Маск, Марк Цукерберг сынды алыптар. Олардың еңбегін, талпынысын, әлемге әкелген жаңашылдығын жоққа шығара алмаймыз. Алайда шынны керек, олар туралы сөз қозғаған кезде ең бірінші олардың материалдық жағдайы әңгіме болатыны сөзсіз. Көпшілік билетін «Forbes» тізімін мысал ретінде алуға болады. Бұл – әлемдегі ең бай адамдардың аты мен байлығын есептейтін құрал. Бұл тізім әр ел бойынша да жеке-жеке қарастырыла береді. Бірақ қалай ойлайсыз, біздің ақшамен, мүлікпен жарысқанымыз қаншалықты ойға қонымды? Сонда ХХІ ғасыр сырт көзбен ғана сынап, тек қалталыны танытын заман ба?

4

CHRISTIAN DIOR-ДЫҢ БОЙҒАМАРЫ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

8

Перизат Бекназар:



ДҮНИЕ ЕМЕС, РУХАНИ БАЙЛЫҚ ЖИНАУ КЕРЕК

Бүгінде шекара деген ұғым шартты ғана болып қалғандай. Әлемнің әр түкпірі бұрынғыдан әлдеқайда жақын, ал сапарға деген қызығушылық күн санап артып келеді. Дегенмен сол мүмкіндікті нақты іске айналдырып, мыңдаған адамның арманын шындыққа айналдыра білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Туризм саласы тек бағыт ұсынумен шектелмейді, ол сенім, жауапкершілік және адамдардың үмітін ақтай білу секілді үлкен ұғымдарды қатар алып жүреді.

Осындай жауапкершілікті серік еткен жандардың бірі – «Arag travel» туристік агенттігінің негізін қалаған Перизат Бекназар. 19 жылдан астам уақыт бойы туризм саласында табанды еңбек етіп келе жатқан кәсіпкер бүгінде талай адамның шетелге деген алғашқы қадамына себепкер болған. Біз кейіпкермен туризм кәсібін қыр-сыры, нарықтың бүгінгі тынысы туралы сүбелі сұхбат құрып қайттық.

– Ең алдымен, сұхбатты туризм саласынан бастасак. Айтыңызшы, Қызылорда қаласында туризм қаншалықты дамыған? Сіздің тәжірибеніңізге сүйенсек, бұл нарықтың әлеуеті қандай?

– Біздің өңір бойынша айтатын болсам, туризм саласы толыққанды дамыды деуге әлі ерте. Шамамен жүз пайыздың жиырма пайызы ғана қалыптасқан. Шыны керек, бұл сала бізде енді ғана тамыр жайып келе жатыр. Халық та, инфрақұрылым да әлі толық дайын емес. Шетелден келетін туристерді қабылдауға қажетті жағдай жеткіліксіз. Байқоңыр, Қармақшы секілді тарихи әрі танымдық маңызы зор мекендерді лайықты деңгейде таныстырып, көрсетуге мүмкіндік аз. Бұл, әрине, көңіл кынжылтатын факт.

5-БЕТТЕ

12 сәуір – Халықаралық ғарышкерлер күні. Бұл күн жер кіндігі қойнауында тұрған қазақстандықтар үшін ерекше күн. Адамзат баласының алғаш Жер орбитасын айналып өтіп, ғарышқа сапар шеккен уақыты тарих жадынан, ұрпақ есінен шыққан емес.



АСПАН ӘЛЕМІНІҢ АЛЫПТАРЫ

Бұл күн – тек ғарышкерлер күні емес, сонымен қатар ғылым қызметкерлері күні. Себебі ғылымның да жаңа деңгейге көтерілген күні 1961 жылдың 12 сәуірі еді. Әлемдік ақыл-ойдың даму тарихында алтынмен апталып, күміспен күптелген сәттер аз емес. Соның бірі де, бірегейі де – осы күн. 1961 жылдың 12 сәуірінде Кеңес

одағының аға лейтенанты Юрий Гагарин «Восток» кемесімен алғаш рет Жер орбитасын айналып ұшты. Небәрі 108 минутқа созылған сапар ғарышты игеруде үлкен қадам болды. Юрий Гагариннің есімі әлемге әйгілі болып, өзі шұғыл майор және Кеңес одағының қаһарманы атағын алды. Бұл мереке – ғарыш саласында қызмет етіп жүргендер мен ғылымның жаңа деңгейге көтерілген күні.

3

• 15 сәуір – «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» күні

15 СӘУІРДІ АТАП ӨТУ МАҢЫЗДЫ МА?

Көктемнің самал желі сезімді тербеп, жүректің соғысын ерекше толқынға баурайтын шақта қазақ жұрты үшін айрықша мәнге ие күн туады. Бұл күн тек қос ғашықтың ғана емес, тұтас ұлттың махаббатқа деген көзқарасын, сезімге деген адалдығын айшықтайтын рухани мереке. Алайда «Әулие Валентин» күні қазақтың мейрамын тасада қалдырды. «Бұл мейрам қазақтың мейрамы емес» деген сылтауларға тосқауыл болған ұлттық мереке неге жиі еленбейді?

Осы орайда біз қоғамның әр буынын қамтып, махаббат күні туралы түрлі көзқарастарды білуді мақсат еттік. Ғашықтар күнін елмен қатар 14 ақпан күні атап өткен жөн бе, әлде 15 сәуір күні тойлаған дұрыс па? Жалпы бұл мейрамдардың мәні сыйлық алумен шектеле ме? Кейіпкерлердің жауабына зер салсақ.



7

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҰСТАХАНАСЫ



2

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Жасанды интеллект институты 2023 жылы құрылды. Иә, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, бағдарламалау, киберқауіпсіздік және деректі талдау бойынша мамандар дайындауға бағытталған институттың берері мол.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҰСТАХАНАСЫ



Жақында білім ордасына жол түсіп, ішкі тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Жасанды интеллект институты директорының орынбасары Асхат Елтаев жылы қарсы алып, мекеменің тарихымен таныстырды.

Институт Кореяның ұлттық қаһарманы генерал Хон Бом Донның есімімен тығыз байланысты. Ол 1943 жылы 25 қазанда Қызылорда қаласында дүниеден өткеннен кейін, есімі екі ел арасындағы рухани байланыстың символына айналды. Осы сабақтастық негізінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен СеулТех университеті арасында ынтымақтастық орнап, жаңа бастаманың іргетасы қаланды, – деді Асхат Елтаев.

Білім мен технология тоғысқан орта

Институттың ішкі дизайны мен оқу форматы да өзгеше. Әрбір аудитория студенттердің жайлылығын ескере отырып жабдықталған әрі заманауи компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Сұхбат барысында студенттердің көзінен білімнен қатар болашаққа деген сенімді байқадық. Әрбір жас зерттеушінің идеясы өзіндік бір әлем іспеттес.

Бірінші курс студенті Алижан Олжасұлы қазір Қытайдан келген робот итпен жұмыс істеп жатқанын айтты.

Жақында робот итке айналып секіру функциясын енгіздік. Қазір ол алға, артқа қозғалып, айналып секіре алады. Сонымен қатар миына 2GIS бағдарламасын орнату жұмыстары жүргізілуде. Бұл арқылы ол кез келген бағытқа өздігінен барып, қайта орала алады. Одан бөлек түрлі іс-қимыл көрсетеді. Көзіндегі камерасы арқылы айналасының барлығын бақылай алады. Иттің есімі – Бенбен. Өзірге тек ағылшын тілінде жұмыс істейді, бірақ алдағы уақытта қазақ тілін енгізуді жоспарлап отырмыз, – дейді ол.

Акерке ЖАҒАБАЙ

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА ЕРЕКШЕ КЕШ ӨТТІ

Жақында «Сыр жұлдыздары» академиясы №2 ғимаратының ұжымы мен оқушылары ашық аспан астында ән мен би, сурет пен шығармашылық тоғысқан ерекше кеш ұйымдастырды.



Іс-шараның бағдарламасы мазмұнды әрі қызықты өтті. Бейнелеу өнері үйірмесінің жетекшісі кішкентай қатысушыларға арт-терапия өткізіп, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған түрлі тапсырма ұсынса, би үйірмесінің бишілері көрерменге әсем қойылым қойып, кештің көркін қыздырды.

Ал белсенді жастар гитараның сүйемелдеуімен жанды дауыста ән шырқап,

жиналған жұртшылыққа ерекше атмосфера сыйлады. Ашық алаңдағы еркін форматтағы өнер кеші көрермендерді бір сәтке болса да күнделікті

тіршіліктің қарбаласынан алыстатып, шығармашылық әлемге жетелегендей. Мұндай кездесудің нәтижесі де жемісті болды. Шар-

дан кейін 40-тан астам оқушы академиядағы түрлі үйірмеге жазылып, өз қабілеттерін дамытуға ниет білдірді. Бұл – ұйымдастырушылардың басты мақсатының жүзеге асқанын көрсетеді.

Кеш соңында ата-аналар мұндай шаралардың балалар үшін маңызы зор екенін айтып, ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Ашық аспан астында өткен бұл шығармашылық кеш тек өнерді насихаттап қана қоймай, қоғам мен білім беру ортасының байланысын нығайтудың тиімді үлгісіне айналды.

Камилла САҒЫНДЫҚОВА

Кейінгі жылдары өңірімізде IT саласы жаңа серпін алып, стартап мәдениеті қарқынды дамып келеді. Әсіресе цифрлық технологияларға қызығушылық танытқан жастар үшін бұл бағыт үлкен мүмкіндіктердің алаңына айналды. Бүгінде жас кәсіпкерлерге қолайлы жүйе қалыптасып, түрлі бағдарлама мен қолдау тетіктері іске қосылуда. Бұл өз кезегінде тың идеялардың жүзеге асуына жол ашып отыр.

АЙМАҚТА ІТ СТАРТАПТАР ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА



Мұндай ауқымды жұмыстың да нәтижесі бар. Мысалы жуырда Шымкент қаласында өткен «Digital Qazaqstan» халықаралық форумда қызылордалық жастардың жобалары жоғары бағаланды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Kyzylorda Hub жетекшісі Жанарыс Тубекбаев баяндады.

Халықаралық деңгейдегі жетістіктеріміз кездейсоқ емес. Қызылордалық стартаптардың «Digital Qazaqstan Battle» ұлттық стартап-батлында жоғары нәтиже көрсетуі өңірде жүйелі түрде жүргізіліп жатқан IT-білім беру мен стартаптарды қолдау жұмыстарының айқын жемісі. Әсіресе CortexAI жобасының II орын алып, 5 миллион теңге көлемінде инвестиция тартуы біз үшін үлкен жетістік. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 18 мықты команданың ішінде оқ бойы озық шыққан бұл жоба трансплантология саласына арналған. Аталған стартап жасанды интеллект көмегімен бүйрек трансплантациясынан кейінгі ағзаның қабылданбау қаупін 84% дәлдікпен болжай алады. Бұрын

бірнеше сағатты қажет ететін күрделі тағдау процесі небәрі 33 секундқа дейін қысқартылған. Бұл – отандық медицинаның цифрлық трансформациясына қосылған маңызды үлес, – деді Kyzylorda Hub жетекшісі Жанарыс Тубекбаев.

Баспасөз конференциясына қатысқан Нұрбек Әбілдаев пен Нұрбол Оңалбеков БАҚ өкілдеріне PhishGuard жобасын таныстырды. Олар халықаралық форумда дәл осы жобаны таныстырып, алғашқы пайдаланушыларын да тапқан.

Бүгінде интернет кеңістігінде алаяқтық әрекеттер мен фишингтік шабуылдар жиіледі. Осы мәселені шешу мақсатында біз PhishGuard жобасын әзірледік. Жоба LLM API және жасанды интеллект алгоритмдері арқылы күмәнді сайттарды анықтап, қолданушыға нақты уақыт режимінде ескерту береді. Бұл қарапайым пайдаланушылар үшін де, бизнес құрылымдар үшін де маңызды құрал, – деді PhishGuard жобасының жетекшісі Нұрбек Әбілдаев.

А.ДАРХАНҚЫЗЫ

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

Белсенді, білімді әрі қоғамға жауапты жастарды қалыптастыруға бағытталған жаңа басталады. Жақында қалалық жастар орталығының директоры Медет Жорабек БАҚ өкілдеріне «Көшбасшылар мектебі» жобасын таныстырды.



Жобаның мақсаты – Қызылорда қаласының белсенді жастарының көшбасшылық қабілетін дамыту, азаматтық ұстанымын қалыптастыру, тұлғалық өсуіне қолдау көрсету және қоғамға пайдалы жаңа буын көшбасшыларын даярлау.

Бұл жоба – жастардың бойындағы қабілетті анықтап қана қоймай, сол әлеуетті жүйелі түрде дамытуға арналған алаң. Бүгінде жаңа идея ұсынатын, қоғамдық бастамаларға белсенді араласатын, жауапкершілікті сезініп, командамен жұмыс істей алатын және болашаққа сенімді қадам жасайтын тұлғаларға сұраныс артып келеді. Сондықтан аталған жобаны уақыт талабынан туған маңызды бастама деп айтуға болады, – дейді Медет Жорабек.

Әуелі іріктеу кезеңі өтеді. І кезең сауалнама немесе тест түрінде өтіп, кемінде елу жас қамтылады. Айта кетейік, «Көшбасшылар мектебі» жобасына Қызылорда қаласындағы мектептердің 9-10 сынып оқушылары,

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері, жоғары оқу орындарының 1-3 курс студенттері қатыса алады. Бітіруші түлектер жобаға қатыса алмайды.

Жоба үш кезеңнен тұрады: тіркеу және іріктеу (10-17 сәуір), оқу және тренинг сабақтары (20 сәуір-20 маусым), қорытындылау және сертификат табыстау. Білім беру бағдарламасына сәйкес 3 ай ішінде қатысушылар түрлі тренингке, шеберлік сабақтарына, тәжірибелі спикерлермен кездесуге қатысып, өздерінің жеке және қоғамдық қабілеттерін дамытады. Жобаны сәтті аяқтаған қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталады.

Ұйымдастырушылар жастардың бойындағы әлеуетті оятуға, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған «Көшбасшылар мектебі» жобасына қатысуға шақырады.

Мерейім ӘЛБАТЫР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ДАМУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Ел дамуын тежейтін, қоғамдық сенімге нұқсан келтіретін ең өзекті мәселенің бірі – жем ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлық ісі. Бүгінде мемлекет көлемінде мұндай жағымсыз әрекетке қарсы кешенді шаралар қабылданып, ашықтық пен әділдік қағидаттары нығайтылуда. Өйткені аталған мәселе мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең қауіпті әлеуметтік құбылыстың бірі.

Сыбайластық әкімшілік рәсімдердің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, экономикалық өсімге айтарлықтай кері әсер етеді. Сарапшылардың сөзінше, жемқорлық белең алғанда, ең алдымен, көптеген мемлекеттік органға деген ел азаматтарының сенімі күйрейді. Қазына қаражатының мақсатсыз жұмсалуды, әділетсіздік, қоғамдағы теңсіздік де осы фактордан туатыны анық.

Бір қуанарлығы, кейінгі жылдары елімізде сыбай-

лас жемқорлықтың алдын алуда жүйелі жұмыс жоқ емес. Соның ішінде мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы, сатып алу үдерісінің ашықтыққа көшуі, мемлекеттік қызметкерлерден бөлек, қоғамның кай өкілі болмасын, түсіндірме жұмыстарының артуы жемқорлық ісін барынша қысқартқандай. Бұл жерде азаматтық қоғам институттары мен бұқаралық ақпарат құралдарының ролі ерекше. Сондай-ақ қоғамдық бақылау мен ашық

талқылаулардың жиілеуі, азаматтардың құқықтық сауатының жақсаруы да сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда.

Түйіндей келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес – ел дамуының маңызды кепілі. Мұндай мәселеде республикадағы әр тұрғынның адалдығы мен белсенді азаматтық ұстанымы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ашық әрі жауапты жұмысы – өзіміздегі әділетті қоғам құрудың негізі болып қала бермек.

Ғалымжан БАЗАРБАЕВ, «Барсақелмес мемлекеттік табиғи қорының» РММ Күзет бөлімінің басшысы

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЗЕРДЕЛЕНДІ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Данияр Еренғалиұлы іс сапарын Бесарық ауылындағы заманауи талаптарға сай салынған жаңа спорт кешенінен бастады. Бұл кешенде ауыл тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына, бұқаралық спортты дамытуға және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік жасалған. Материалдық-техникалық базасы толық жабдықталған.

Келесі нысан – Нағи Илиясов ауылындағы дөрігерлік амбулатория. 2023 жылы пайдалануға берілген медициналық мекемеде тұрғындарға сапалы қызмет пен алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіліп, профилактикалық тексерулер



және жоспарлы ем-шаралар жүргізіледі.

Ал аудандағы «Руханият орталығы» аға буын мен жастардың басын қосқан рухани-мәдени орынға айналған. Мұнда түрлі іс-шара өткізуге қолайлы орта қалыптасқан.

Кейінгі жылдары салынған тұрғын үйлердің жай-күйін де назардан тыс қалдырмаған об-

лыс әкімінің бірінші орынбасары әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің сапасын жақсарту, оларды тиімді пайдалану және халыққа қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажет екенін атап өтті.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ОҚЫРМАҢНАН ХАТ

Орындалды! Бала күннен армандамасам да, көптен бері көңіл түкпірінде жүрген бір ой жүзеге асты. Қарапайым көрінімі мүмкін, бірақ мен үшін бұл тарихи сәт.

КӨЗБЕН КӨРГЕНДЕ...

Аспанға зымыранның ұшқанын көру – бұрыннан қиялымда жүрген дүние еді. Алайда Байқоңыр ғарыш айлағы аумағында сол сәттің куәсі болғанда, оның әсерін дәл осылай сезінемін деп ойламаппын. Ұшыру уақыты жақындаған сайын ішімді бір белгісіз толқу биледі. Бұл үрей емес, бірақ тыныш отыра да алмадым.

Айналада адам көп болғанымен, бәрі бір бағытқа – бір нүктеге қадалған. Әдеттегі күлкі мен әңгіме сап тыйылып, айналаны бір тылсым тыныштық жайлады. Сол үнсіздіктің өзі алда үлкен бір оқиғаның боларын сездіріп тұрғандай.

Кенеттен алыстан будақтаған түтін көрінді. Алғашында жай ғана көрініс секілді еді. Алайда бірнеше сәттен кейін жеткен дыбыс бәрін өзгертті. Ол – терең, қуатты, бүкіл кеңістікті толтырған үн. Бұл дыбысты тек құлақпен емес, бүкіл болмысыңмен сезінеді екенсің.

Ең әсерлі сәт – зымыранның көтеріле бастаған кезі. Баюу қозғалғандай көрінгенмен, уақыттың қалай өткенін аңғармай қаласың. Сол мезетте артық ой да, сөз де жоғалады. Тек көз алдындағы көрініске үнсіз куә боласың.

Ішкі толқу басылар емес, керісінше зымыран биіктеген сайын тереңдей түсті. Бұл – таңданғыс пен түсініксіз бір сезімнің араласқан күйі. Оны нақты бір эмоциямен сипаттау қиын. Сол сәттің атмосферасы әлі жадымда.

Камилла ҚАЗЫБЕКҚЫЗЫ

ОТАНДЫҚ ҒАРЫШ



1991 жылдың 11 қыркүйегінде Қазақ КСР ғарыш зерттеулері агенттігі құрылды. 1991 жылдың 2 қазанында қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров ғарышқа ұшты. 1993 жылдың 25 ақпанында Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыш агенттігі (қазіргі Қазғарыш) құрылды.

Токтар Әубәкіров – 1991 жыл, ғарышта өткізген уақыты – 7 күн 22 сағат 13 минут. Талғат Мұсабаев – 1994, 1998, 2001 жылдар, ғарышта өткізген уақыты – 341 тәулік 9 сағат 40 минут. Ерекшелігі: ашық ғарышқа бес рет шықты (жалпы ұзақтығы – 30 сағат 8 минут). Айдын Айымбетов – 2015 жыл, ғарышта өткізген уақыты – 9 күн 20 сағат 13 минут. Ерекшелігі: сапар құны – 50 млн доллардың орнына 20 млн доллар.

• Байқоңыр туралы мәлімет

- 1955 жылдың 2 маусымы – «Байқоңыр» ғарыш айлағының ресми туған күні;
- 1955 жыл – құрылыстың басталуы;
- 1957 жылдың 5 мамыры – полигонның алғашқы кешенінің құрылысы аяқталды;
- 1957 жылдың 6 мамыры – полигонда алғашқы Р-7 зымыраны орнатылды;
- 1957 жылдың 5 тамызы – америкалық барлау қызметі Lockheed U-2 барлаушы ұшағының көмегімен «Байқоңыр» полигон алаңының орналасқан жерін анықтады;
- 1957 жылдың 4 қазаны – ғарыш дәуірінің бастауы – әлемдегі бірінші жасанды Жер серігінің ұшырылуы;
- 1961 жылдың 12 сәуірі – ғарышқа адам (Юрий Гагарин) ұшты;
- Жалпы алғанда, жалпы ғасырлық тарихы бар ғарыш айлағынан 2500-ге жуық зымыран, 3 мыңнан астам ғарыш аппараты жіберіліп, 130-дан астам ғарышкер ұшты;
- Байқоңыр Қызылорда облысындағы Төретам ауылының қасында орналасқан;
- Ғарыш айлағының аумағы – 6717 шаршы шақырым;
- Байқоңырда 68,5 мың адам тұрады;
- Оның 53 пайызы – Қазақстан азаматы, 43 пайызы – Ресей азаматы, қалған 4 пайызы – өзге елдердің азаматы;
- 8,5 мың адам – ғарыш айлағының азаматтық сала персоналы, оның 2,5 мыңы – ҚР азаматтары;
- 2050 жылы Ресейдің ғарыш айлағын жалға алу мерзімі бітеді.

Дайындаған
Нұр БАҚЫТ

«Бизнеске арналған үкімет» КММ-сі, БСН 110340020720, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы Корқыт Ата көшесі 123, тел. 8/7242/704015. * * * КГУ «Правительство для бизнеса» БИН 110340020720, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: город Кызылорда улица Коркыт Ата 123. тел.: 8/7242/704015.

Басы 1-бетте

АСПАН ӘЛЕМІНІҢ АЛЫПТАРЫ

Алғаш рет 1962 жылдың 9 сәуірінде КСРО жоғарғы кеңес президиумының өкімімен белгілі бір республикаларда ғана тойланып жүрді. Кейін 1968 жылы халықаралық авиация федерациясының конференциясында айтулы күнді әлемдік дәрежеде атап өту туралы шешім қабылданды. 2011 жылдан бастап бұл күн халықаралық адамның алғаш ғарышқа ұшқан күні (International Day of Human Space Flight) деп аталып келеді.

Ал Қазақстаннан кімдер ғарышқа ұшты? Бұл жөнінде білмейтін қазақ кемде-кем. Дегенмен тереңірек тоқталайық. КСРО-ның соңғы және қазақ ұлттының алғашқы ғарышкері Токтар Әубәкіров 1991 жылы ғарышқа экспедициялық сапармен барып, сол жақта 7 күн 22 сағат 13 минут болды. Әубәкіров нөмірі бірінші ғарышкер ғана емес, ол алғаш рет басқа кеңістікте жүріп қазақтың ұлттық тағамын жеген адам. Сол жылы ғалымдар ірімшік, айран және қазакша етті ғарышта жүріп жеуге болатындай етіп әзірлеген. Ол 1991 жылдың 2 қазанында ғарышқа старт кезіндегі экипаж командирі Александр Волков және австриялық ғарышкер Франц Фибекпен бірге «Союз ТМ-13» кемесімен ұшты. Бір апта бойы «Мир» орбиталық кешенінің бортында жұмыс істеді.

Қазақтан шыққан екінші ғарышкер – Талғат Мұсабаев. Мұсабаев ғарышқа үш мәрте ұшып, сол жақта 341 күн 9 сағат 48 минут 41 секунд болып қайтты. Талғат Мұсабаев Гиннесс рекордтар кітабына енген: осы күнге дейін ол секілді ешкім ғарыш

кеңістігінде ұзақ уақыт болып көрмеген. Ғарышкер алғашқы сапарына 1994 жылы 1 шілде мен 4 қараша аралығында «Союз ТМ-19» және ЭО-16 кемесінің бортинженері ретінде ұшып, ғарышта 125 күн 22 сағат 53 минут және 36 секунд жүрді. Екінші сапары 1998 жылы 29 қаңтар мен 25 тамыз күндері орындалды. «Союз ТМ-27» мен ЭО-25 кемелерінің командирі ретінде ұшып, сол жақта 207 күн 12 сағат 51 минут 2 секунд болған. Үшінші сапарын 2001 жылы 28 сәуір мен 6 мамыр аралығында «Союз ТМ-32» және «Союз ТМ-31» экспедиция жүргізуге бағытталған кемелердің командирі ретінде орындады. Ғарышкердің бұл сапары 7 күн 22 сағат 4 минут 3 секундқа созылды.

Ғарышқа ұшқан бірінші Қазақстан Республикасының азаматы – Айдын Айымбетов. Айымбетов 2015 жылдың 2-12 қыркүйегі аралығында «Союз ТМА-18М» және халықаралық ғарыш станциясына бағыт алған «Союз ТМА-18М» кемесінің екінші бортинженері ретінде ұшты. Халықаралық ғарыш станциясына барған ЭП-18 экспедиция мүшесі. Жерге «Союз ТМА-16М»

кемесінде оралды. Ұшу уақыты 9 тәулік 20 сағат 13 минут 51 секундқа созылды.

Жерсеріктер жайында

1957 жылдың қазан айында Кеңес одағы ғарышқа Жердің «Спутник-1» алғашқы жасанды серігін аттандырды. Америка болса, өзінің тұңғыш «Эксплорер-1» жерсерігін 1958 жылдың қаңтар айында ғана жіберді. Алайда бұл ғылыми мақсатпен жөнелтілген алғашқы жерсерік еді.

Алғашқы қазақстандық жеңіл телекоммуникациялық геостационарлық «ҚазСат-1» жерсерігі 2006 жылдың 18 маусымында ұшырылды.

Әлем бойынша алдағы он жылда ғарыш саласына бөлінетін мемлекеттік шығындар 2,1%-ға өседі деген болжам бар. Бұл көрсеткіш 2024 жылға қарай 81 млрд долларға жетеді.

Қазір ғарышта мыңнан астам жерсерік бар.
АҚШ – 500-ден астам;
Қытай – 131;
Жапония – 71;
Ресей – 132;
Қазақстан – 4.

А.ЖОЛТЕРЕК

Сейдалы БІЛӘЛОВ:

20 ЖЫЛ ҚАЗБА ЖҰМЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН ҚАЛАЛАР БАР

– Сейдалы Әміртайұлы, биыл да жоспарда экспедиция бар шығар... Енді инемен құдық қазуға қайда барамыз?

– Алла қаласа, біз тікелей қатысатын үш-төрт экспедицияның төбесі көрініп тұр. Алғашқысы – Жанкентте. Мамыр-маусым айларында халықаралық түрік академиясымен бірлескен экспедиция бар. Университеттің бір қазба жұмысы және тамыз айында мәскеулік университет ғалымдарымен экспедиция болады. Мұнан соң Германияның археология институтымен біздің отандық археология институты бірлесіп, Жетіасар мәдениетіне жататын Қаратөбе аумағында қазба жұмыстарын жүргіземіз. Бұл – Қармақшы ауданының аумағында.

– Мұнан бөлек басқа да экспедициялар бар. – Ауыз толтырып айтатын қандай қазба жұмыстарымыз бар?

– Облыс бойынша Жанкент, Кескен Күйікқала, Сығанақ, Бөбіш молла, Шірік-Рабат қалаларына 20 жылдан бері үздіксіз қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Мұнан өзге Сортөбеде, Асанақта бес жыл қазба жұмыстары жүрді. Көне Жентте де бірнеше жыл еңбек еттік. Басаяғы жиырма шақты ескерткішке қазба жұмыстары жүргізілді.

– Жиырма жыл аз уақыт емес. Бірақ ғылым үшін қас қағым сәт болуы ықтимал. Осы уақыт аралығында ойда жоқта ашылған бір жаңалықты мысал ретінде айтыңызшы...

– Біздің жұмысымыз жайбаракат күнделікті тірілік сияқты көрінеді. Бірақ нәтижесін көргенде қадімгідей сезім де, әсер де бөлек болады. Мәселен, Жанкентте жиырма жылдан бері қазба жұмыстарын жүргізіп келе жатырмыз. Ол жерде табылған материалдардан сондағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне қанығамыз. Жанкентте кешенді әдіспен зерттеу жасап келеміз. Кішкентай жаңалықтың өзі араға ондаған жылдар салып шығуы мүмкін. Мысалға айтайықшы, түйенің екі түрі бар: қос өркешті және бір өркешті. Бір өркешті түйе көбіне Африканың солтүстігі, Араб түбегі тәрізді ыстық жерлерде кең тараған. Өйткені, ол – шөлге, ыстыққа төзімді. Ал қос өркешті түйе Моңғолия аумағында, Ресей территориясында, Қазақстанның солтүстігінде кең тараған. Осы екеуінің будандасқан аумағы бұрынғы зерттеулерде Түркменияның шеғарасына дейін деп белгіленген болатын. Қазір бұл шеқараны Арадың солтүстік аумағына, орталық Қазақстанға дейін белгіледік. Яғни біздің аумақта ыстыққа да, суыққа да төзімді түйелер бар.

– Маман тапшылығы көп салада бар. Ал археологиядағы мамандар туралы не айта аласыз?

– Бұрын археологияда маман жетіспейтін. Қазір өңірдегі маңызды ғылыми мекемелерде жұмыс істеп жатыр. Маман бар. Енді мамандарды бесаспап етіп дайындауға көшуіміз керек. Археологияның ішінде де түрлі салалар бар. Мәселен, тек қана керамикалық жәдігерлерді түп-түқиянына дейін білетін маман болса, ол көзді жұмып тұрып айтып бере алар еді. Дәл сол тәрізді жан-жануарлар жөнінен білетін, сол салаға маманданған адам болса, табылған сүйектерге қарап, ол жайлы бар мағлұматты нық айтып бере алады. Біз енді осы бағытқа ауысуымыз керек. Жалпы археологиядан жалқы ғылымға. Мен мамандарлық сапасына байланысты айтып отырғаным жоқ, тек қазіргіде де білік тұғырға шығу үшін керекті нәрсені меңзеп отырмын. Ағылшын тілін жетік меңгерген маман болса, тіпті алақай. Өйткені табылған жәдігерлерді әлемдік деңгейде зерттеп, зерделей алады. Орта ғасырлық қалалардағы көне латын тілінде жазылған жазуларды, таңбаларды анықтайтын, сол іске дағдыланған, сол іске маманданған адам айқындаса, ол да жоғары деңгейде зерттеледі. Міне, біз енді осы

нәрселерді қолға алсақ, археология ғылымын одан бетер терең зерттей түсер едік.

Бұл ғылымда жаңашылдық жетіп артылады. Қазір біз зерттеулердің төрттен бір бөлігін ғана байырғы әдіспен зерделеп жатырмыз. Қалғанының барлығы – заманауи әдіс-тәсілдер. Ғылым жаңашылдықпен ғана дамиды. Біз осыны түсінуіміз керек.

– Археология ғылымы алға ілгерілеп келе ме? Әлгіңде өзіңіз айтқан жаңашылдықтардың он



ықпалы тиіп жатқан шығар...

– Таяуда ғана үкімет басшысы Олжас Бектеновтің жиынынан жақсы жаңалықты естідім. Алдағы уақытта әрбір облыс әкімінің жұмысы сол өңірдің ғылымының жетістігімен өлшенеді деді. Әрине бұл біз үшін қуанарлық жағдай. Бұл жерде тек археология емес, ғылымның барлық саласы бар. Ғылымға көп көңіл бөлінеді. Ғылымға көпшіліктің назары ауады.

Археология – тарихпен тікелей байланысты ғылым. Мемлекеттің идеологиясын қалыптастыруда, тарихын зерттеуде үлкен маңызға ие. Жоғарыда айтып өткенімдей, археология тек тарих әдістермен емес, жаңаша тәсілдермен де жұмыс істеп жатыр. Ғылыми инновацияның археологияға да қатысы бар. Біз қазір басым бөлігінде жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін қолданамыз. Табылған жәдігерлерді де солардың сараптамасы арқылы зерттеп жатырмыз. Бұл – ғылымның алға ілгерілеуі.

– Ортағасырлық қалалар арасында жерасты жолы бар деген аңыздар бар. Сондай аңыздардың дәлелденіп, жерасты жолы табылған немесе қалалардың атауына байланысты тарихи дерек нақтыланған жағдайлар болды ма?

– Бұл аңыздардың барлығы жайдан-жай шықпайды. Кейде бір оқиғаның желісімен құрастырылады. Жылан жұтқан, Қара бура әулие деген тәрізді оқиғалардың барлығының түбінде бір дерек бар. Қара бура әулие деген қарахандықтардан шыққан. Олар ең бірінші ислам дінін қабылдағандар. Қарахандықтарда

екі билеуші тайпа болады. Арыслан хандар мен Боғра хандар. Алғашқысының тотемі арыстан болса, кейінгісінікі – түйенің бұрасы. Қара бура сол кейінгісінен шыққан. Оғыздардың соңғы билеушісі, селжұқтардан тараған Санжар ханның бір әйелі қарахандық болады. Боғра хандардың қызынан болады. Қарахандықтарды кейін қара қытайлар басып алады. Міне, жылан басты деген аңыз осы жерде пайда болады. Бірнеше мыңдаған ескердің қолында айдаһар бейнелі ту болады ғой. Міне, қолында айдаһар бейнелі туы бар қара қытай басып алғанда жылан жұтқан деген аңыз осыдан пайда болса керек.

Жерасты жолдарына келсек, алдыңғы толқынның фольклорға қосқан үлесі деп айтуға болады. Қалалардың жер астымен болмаса да, жер үстімен жақсы байланыс болғаны анық. Мәселен, Қоғалықолдегі Қышқаладан табылған үлкен екі мавзолейдің орны туралы айтсақ, ол – Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің кіші формасы. Қайта қалпына келтіру барысында біз оған көз жеткіздік. Екі камера, күмбезі, аумағы – 14-те 14 метр.

Енді осы жерде айтайын, біз аңыздардан символдың байланыс іздеуіміз керек. Тура мағынасында жерасты жолы дегенмен, астарына үңілсек, нақты байланыс екеніне көз жеткіземіз. Қазірдің өзінде техника жалдап, үй мен сарайдың арасына жерасты жолын салып көрші. Қаншалықты қиын екенін көресіз. Ал енді сол жолды қала мен қаланың арасына салу дегеніміз мүмкін емес нәрсе ғой. Мүмкін болғанның өзінде ол уақытта үлкен ресурсты қажет ететіні анық. Бәлкім, қаланы жау қоршап алғанда шығып, қашып кететін жүз метрлік жерасты жолы болған шығар...

Арыстан бабтың Мұхаммед пайғамбардан құрманы алып, аузына салып, 400 жыл сақтап, оны Қожа Ахмет Иасауиге жеткізіп бергені тәрізді символдық мәні бар мысал болуы мүмкін. Ол жерде ілімді жеткізгенін астарлап айтып тұр ғой. Аңыздардың әрбірінде дәл осындай мән бар. Қоғалықолдегі көне қала мен Түркістанның арасында, әрине, байланыс болған. Байланыс болғанда қандай?! Оны табылған жәдігерлер айқындап беріп тұр.

– Қазақ даласында археологиялық ескерткіштер жетерлік. Тұтас республика аумағын айтпағанда Арал мен Жаңақорған арасында да жетіп жатыр. Осы ескерткіштерді туристік нысанға айналдыру үшін бізге не жетіспейді? Кейде аспанасты музейі болады дегендеріміз аяқасты қалып жатқан жоқ па?

– Кейде біз туристер апарайын деп едік деп агенттіктерден хабарласып жатады. Иә, жол бастап апаратын кездер бар. Бірақ Батыс Еуропа – Батыс Қытай күре жолының бойындағы, осы жолға жақын, басында инфрақұрылымы бар ескерткіштерге апарамын. Ал қара жолға түсіп, барып, көрсек екен дейтін нысандарға бара алмай жатамыз. Оған осы ескерткіштерге инфрақұрылымның бармауы кедергі.

– Сол қара жолдан әрі маңызды, бара қалсаң, тамырсыз тасы тарихты айтып тұратын ескерткіштеріміз көп шығар...

– Әрине, ол жақта жол бойындағыдан он есе, жүз есе көп ескерткіштеріміз бар. Тек соны көрсетуге инфрақұрылымның дамымай тұрғаны тосқауыл болады...

– Салиқалы сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН



СОТ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР — ӘДІЛДІК ПЕН АШЫҚТЫҚ КЕПІЛІ

Қазір Қазақстан Республикасының сот жүйесі ауқымды жаңғырту кезеңін бастан өткеруде. Қоғам сұранысына сай әділ, ашық және қолжетімді сот төрелігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар маңызды жаңашылдық енгізілуде. Бұл өзгерістер сот қызметінің тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа деңгейін қалыптастыруға бағытталған.

Сот жүйесіндегі негізгі жаңашылдықтардың бірі – цифрландыру үдерісінің қарқынды дамуы. Бүгінде азаматтар талап арызды электронды түрде жолдап, сот отырыстарына қашықтан қатысып, сот актілерін онлайн ала алады. «Сот кабинеті» сервисі арқылы сотқа жүгіну рәсімі айтарлықтай жеңілдеп, уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік берілді. Бұл өз кезегінде сот процесінің ашықтығын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етуде.

Сонымен қатар әкімшілік әділеттің енгізілуі – сот жүйесіндегі ірі реформалардың бірі. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды қараудың тиімді тетіктерін қалыптастырды. Бұл жүйе мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттырып, азаматтардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Сот процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында сот отырыстарының онлайн трансляциясы мен аудио-бейне жазбасы кеңінен қол-

данылады. Бұл жаңашылдықтар сот қызметінің жариялылығын күшейтіп, қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Судьялардың кәсіби деңгейін арттыру да басты назарда. Судьяларды іріктеу жүйесі жетілдіріліп, олардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруға бағытталған оқыту бағдарламалары енгізілуде. Сонымен қатар судьялардың әдеп нормаларын сақтауына ерекше мән беріліп, олардың қызметіне қоғамдық бақылау күшейтілуде.

Бұдан бөлек, сот жүйесінде татуластыру рәсімдерін нағыз ерекше көңіл бөлінуде. Медиация, партисипативтік рәсімдер арқылы дауларды сотқа жеткізбей шешу мүмкіндіктері кеңейіп, қоғамда келісім мәдениеті қалыптасуда.

Жалпы алғанда, сот жүйесіндегі жаңашылдықтар – бұл тек технологиялық өзгерістер ғана емес, сонымен қатар құқықтық сананы жаңғыртуға бағытталған кешенді реформалар. Бұл өзгерістердің барлығы азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және әділетті қоғам құруға негіз болады.

Қорытындылай келе, сот жүйесіндегі жаңашылдықтар – мемлекеттің құқықтық дамуының айқын көрсеткіші. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, сот төрелігінің сапасы жаңа деңгейге көтерілетіні сөзсіз.

Л.ШАЙМОВА,

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы

СОТТЫҢ ОҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АЙҚЫН БАҒЫТ БАР



Бүгінде сот жүйесінің беделі мен қоғам алдындағы сенім деңгейі – мемлекеттің құқықтық даму көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан соттың оң имиджін қалыптастыру – тек сот органдарының ғана емес, жалпы құқықтық жүйенің басым бағыттарының бірі.

Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасында сот жүйесінің жаңғырту, ашықтық пен қолжетімділікті арттыру мақсатында бірқатар зандар қабылданып, өзгеріс пен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға, сот төрелігінің сапасын арттыруға және қоғамның сотқа деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Ең алдымен, сот ісін жүргізуді цифрландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы талап арыз беру, сот отырыстарына онлайн қатысу, сот актілерін қашықтан алу мүмкіндігі кеңейді. Бұл өз кезегінде уақыт үнемдеуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және сот процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етті.

Сонымен қатар әкімшілік әділет институтының енгізілуі азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды қараудың жаңа сапалық деңгейін қалыптастырды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттырып, азаматтардың құқықтарын қорғау механизмдерін күшейтті.

Судьялардың кәсіби біліктілігі мен әдеп нормаларын сақтау да – сот имиджін қалыптастырудың маңызды факторы. Осы бағытта судьяларды іріктеу талаптары күшейтіліп, олардың қызметіне тұрақты түрде бағалау жүргізу тәжірибесі енгізілді. Сонымен қатар Судьялар әдеп кодексінің талаптарын сақтау қоғам тарапынан ерекше бақылауға алынған.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен және әлеуметтік желілермен өзара іс-қимылды дамыту да оң имидж қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сот қызметі туралы ашық әрі түсінікті ақпарат беру, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Азаматтарға ыңғайлы жағдай жасау мақсатында «Сот кабинеті» сервисі жетілдіріліп, мобильді қосымшалар арқылы да қолжетімділік артты.

Бұл жаңашылдықтар сот жүйесінің заманауи талаптарға сай дамып келе жатқанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар сот жүйесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, оның қоғам алдындағы ашықтығы мен сенімділігін нығайтуға бағытталған. Соттың оң имиджін қалыптастыру – үздіксіз жүргізілетін процесс, ол заң үстемдігі мен әділдікті қамтамасыз етудің басты кепілі болып қала береді.

С.УТЕГЕНОВА,

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

АЛИМЕНТ ӨНДІРУГЕ ШЕКАРА ДА БӨГЕТ БОЛМАЙДЫ

Алимент төлеуден жалтаратындар азаймақ емес. Бірі табысын жасырады, бірі жұмысын бүркемелейді. Ал кейбірі шекара асып, өзге елге кеткен соң, жауапкершіліктен құтылғын деп ойлайды. Бірақ уақыт өзгерді. Енді мұндай амалдардың жолы біртіндеп жабылып келеді.

Наурыз айының соңында Палата отырысы өтті. Сол жиында сенаторлар азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы халықаралық конвенцияларға енгізілген өзгерістерді ратификациялап, балалардың құқығын қорғауға бағытталған хаттамаларды мақұлдады. Осылайша мемлекетаралық деңгейде жаңа құқықтық механизмдер іске қосылды.



Енді шетелде жүрген борышкерлерден алимент өндіру рәсімі жеңілдейді. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев енгізілген түзетулердің басты мақсаты – балалардың құқығын қорғау тетіктерін нығайту екенін атап өтті.

Қазіргі уақытта шетелде жүрген қазақстандықтардың алимент бойынша берешегі аз емес. Ресми мәліметке сүйенсек, шетелдегі борышкерлердің қарызы 47 миллион теңгеге жуық. Бұл шамамен 106 іске қатысты. Соның ішінде 32 миллион теңгеден астамы Ресейде жүрген борышкерлерге тиесілі. Ал Өзбекстан бойынша 24 іс қаралып, бере-

шек көлемі шамамен 2 миллион теңгені құрайды.

Бұған дейін мұндай істерді орындау ұзаққа созылып, түрлі құқықтық рәсімдерге байланысты күрделене түсетін. Енді жаңа келісімдер арқылы сот шешімдерін орындау тәртібі айтарлықтай жеңілдейді.

Қазір Қазақстан 17 мемлекетпен келісім жасаған. Олардың қатарында Беларусь, Молдова, Грузия, Корея, Литва, Моңғолия, Пәкістан, Қытай, Вьетнам, Түрікменстан, Түркия, Үндістан, Біріккен Араб әмірліктері мен Иран бар. Демек, осы елдерде жүрген

аналардың өз балалары алдындағы жалпы берешегі 18,5 миллиард теңгеге жеткен. Өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысында борышкерлердің берешегі 338 миллион теңгеден асқан. Ал Шымкент қаласында балаларына алимент төлеуге міндетті 13 мыңнан астам адам бар, олардың 603-і түрлі себеппен қарызын өтеуден жалтарып жүр.

Бас прокуратураның дерегінше, биыл наурыз айының басында жеке сот орындаушыларында алимент өндіруге қатысты 296 279 құжат тіркелген. Қазір 265 738 азаматтың 390 830 баланың алдында жалпы сомасы 126,6 млрд теңге берешегі бар.

Қызылорда облысында былтыр алимент өндіру санатында 15 636 атқарушылық іс жүргізу тіркеліп, оның 2 572-сі аяқталған. Осы өңірде 389 миллион теңге алимент берешегі өндірілген. Ақтау қаласында прокуратура бастамасымен борышкерлерден 280 миллион теңгеден астам қаражат өндірілді.

Сонымен қатар борышкерлерді жұмысқа орналастыру арқылы алимент өндіру тетігі де бар. 2023 жылы республика бойынша 4 238 адам, 2024 жылы 6 мыңнан астам борышкер жұмысқа орналастырылса, 2025 жылдың алғашқы алты айында әділет органдары мен әкімдіктердің бірлескен жұмысы нәтижесінде 3 077 борышкер тұрақты жұмыспен қамтылған.

Енді елестетіңізші, уақытылы төленбеген ақшаның артында қанша тағдыр тұр. Кезінде жетімін де, жесірін де жылтатпаған, өзгенің баласын бауырына басқан дана қазақтың бүгін өз баласының жағдайын жасауға қауқарсыз болғаны қынжылтады.

Заңнан жалтарып, жауапкершіліктің жүгін сезінбесен де, шындықтан құтыла алмайсың. Қарызыңды қашан қайтарасың?

Әлия ТӨЖБАЙ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Басы 1-бетте

Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Білім жарысы» атты мақаласы еске түседі. Бізде ақшаны басқе, ойынға салу кең таралып жатқанын жоққа шығара алмаймыз, бірақ қазақта бәйгеңді басқа түрі ерекше құрметке лайық болған еді. Ол туралы Алаш қайраткері «Білім жарысы дегеніміз – бай адам пәлен мың ақшаны бәйгеге тігеді де, мәлім етеді: осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан я пәлен ғылымнан, яки өнерден жаңа жол тапқан, я пәлен тұрғысында жазып, кітап шығарған адамдарға беріледі дейді. Ал бәйге тігілді. Енді ат жарысы болса, әркім атын жаратып, бәйгеге қосар еді, білім бәйгесі болған соң, білімділер бәйгеге қосылады. Бәйгеден дәмесі бар білім

Бұдан бұрын әлеуметтік желіде қаптап жүрген буллингтің де санын айту мүмкін емес екенін білесіздер. Жылдың басында Атырау облысында болған оқиға ортаға шыққанда қазақстандықтардың жүрегі мұңға толды. Алаңдаушылық тек мектептің, ата-ананың ғана емес, мемлекет деңгейіндегі

бүркеніп алды. Сонда жүргізушінің жанында отыратын үшеулік орындағы ер адам баланы жұлқылай бастады. Бала жылап қалды. Ал келесі аялдамада автобустан түсіп кетті. Ақыла салсақ, бұл жерде екі тараптың да істеген ісі дұрыс емес. Бізде не болғанын аңғару үшін біраз уақыт ойлау қалды. Балаға ақырын айтып көргенде, не жаңағы ер адам өзі орын берсе бұл оқиға жолушылардың көңіліне қаяу түсірмес пе еді? Мәдениеттің бір-бірінді сыйлап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден басталады дегені осы жерде айтыла керек-ті. Мұнда болған жайт кішкентай ғана мысал. Оны жалғастыра берсең біразға дейін барары анық...

Бұдан бұрын әлеуметтік желіде қаптап жүрген буллингтің де санын айту мүмкін емес екенін білесіздер. Жылдың басында Атырау облысында болған оқиға ортаға шыққанда қазақстандықтардың жүрегі мұңға толды. Алаңдаушылық тек мектептің, ата-ананың ғана емес, мемлекет деңгейіндегі

Мәдениетке мән керек

жүйріктері бірінен бірі озуға жүйріктігін аяп қалмайды. Тап дегенді табуға ойланады, істе дегенді істеуге қарманды. Ақырында әркім істегенін, тапқанын сыңа жібереді. Сынышлары ғылым ордасында тұрған білімді ғалым адамдар болады. Бұлар қарап, сынап, бәйге кеседі. Еуропада, мысалы, Нобель сыйлығына тайғалас, білім жарысы бар. Бұл жарыста бәйгеңі ғылым ауданында я әдебиет ауданында енбек етіп озған адам я соғысқа қарсы һәм халық арасын жақындастыруға пікір жайған адамдар алмақшы» деп жазған еді. Сондағы білектілер мен білектілер ортаға шығып, күш сынасып жүргенде біз тек қалтаның қалыңдығын сынағанымыз қаншалықты дұрыс?

Байтұрсынұлының бұл сөзінде үлкен мән бар. Ол байлықты мүлдем жоққа шығарған жоқ, бірақ бірінші кезекте «білім мен мәдениетті» қойды. Оған қарап біздің «ақшаман жарысу» үрдісіміз қоғамды рухани жұтаңдыққа алып бара жатқандай...

Бұл айтылған пайымның өзіндік себебі көп. Бірақ соның ішінде қоғамдағы адамдардың бойында сыйластықтың азайып кетуінен бе деп қорқамыз. Ол бәрімізге мәлім. Әсіресе қоғамдық көлікте бұл айтылған сын өз інісін табады.

Бірде автобуста мынандай оқиғаның куәсі болдық. Автобуста терезенің жанындағы бір орын бос. Оған шамамен 2-3 сынып оқитын бала жайғасты. Автобус «Арай» аялдамасына келгенде көп адам мінді. Соның ішінде шамамен 40-50 жастағы апай да бар. Баланы бірде тұрткілейді, бірде сөйлейді. Бала



мәселеге айналды. Бұл туралы Президенттің өзі де айтқан еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тұжырымдамасында «біз жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз. Ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға баса мән беруіміз керек. Бұл салада кемшіліктер көп екені жасырын емес. Мектептегі тәрбие жұмысы ақсап тұр. Сонғы кезде оқушылардың бір-біріне қысым, зорлық-зомбылық, әлімжеттік көрсетуі жиі болып кетті. Оны, тіпті, бейнеаспаға түсіріп, әлеуметтік желіге салу сәнге айналды. Кейде балалардың қатыгездігі жан түршіктіреді» деп айтқан еді.

Бұл – қазіргі қоғамның әлсіз тұстарының бірі. Себебі мәдениет деген кішкентай терминнің ішіне тәрбие сынды үлкен мағынаға ие тақырыптар жалғанады.

Жарнамаңың жаның жаңарту керек

Осы тақырып туралы жазып отырып, әлеуметтік желі туралы да айтуды жөн көрдік. Мұнда жақсылап жайғасқан бауырларымыз әдептен асып бара жатыр. Олқылық жасаған адамның үстінен тергеу жасап, небір ауыр сөздерге орын береміз. Ал өзіміз төте жолдан тайғанда жұрттың сөзін сыңға алатынымыз тағы бар. Сөзге бағам болуды естен шығарамыз. Сөз демекші, балақорда серуендеп жүріп, жарнамаңың түр-түрін көретініміз рас. Оның

санына карап бұл бір күнің таптырмас элементіне айналғаны байқаймыз. «Es-kimi» платформасының өткізген зерттеулеріне сәйкес, интернет қолданушылары күніне 400-ге жуық жарнама көреді. Әрқайсысының тілі әртүрлі. Екі тіл шұбырланып, «шоқ бағаны» санамағанның өзінде жарнамада мүлдем айтуға келмейтін сөздердің қолданысы алаңдатады. Әлеуметтік желіде қолданушылар «бағалардың аласаттауын», «абайла, погром цен» сынды айқайлап тұрған жарнамаларға сын айтып жүр. Оған қоса, жарнаманы қолданушылардың белгілі бір мәселені көтеретін бейнебаяндармен шатастыру оңай. Себебі затқа жарнама жасау үшін дүкендегі ұрлық, сатушының талпын қалуы сынды дүниелер көбініп кетті. Енді біз затты емес, контентті сатып жүргендейміз. Ал ол қоғамның мәдениетімен қаншалықты үйлеседі? Қуанышбек Шарманов «Жарнамаңың заманы» атты жұмысында «Бұл заман жақсы мен жаманды, қымбат пен арзанды, керекті мен керексізді оң-оңай шатастырып алатын жарнамаңың заманы болды. Кімнің жарнамасы күшті болса, соның аты бәйгелі болып, темірін жездей, жезін

Мейір НИЕТ

ЖЕЛІНІҢ МҮМКІНДІГІН ДҰРЫС ҚОЛДАНАЙЫҚ!

Бизнес бастау үшін миллиондаған қаржы қажет. Иә, талай адамның дәл осылай ойлайтыны жасырын емес. Бірақ бұл түсінік те біртіндеп өзгеріп келеді.



Мысалы заманауи мүмкіндіктердің арқасында саудаға икемі бар адам үшін табыс табуын жолы көбейді. Әсіресе әлеуметтік желілер шағын кәсіптің алып алаңына айналды. Осы арқылы студенттер, жас аналар кәсібін дөңгелетіп отыр.

Бизнестегі жолын 18 жаста бастаған Перизат Жаңабай алғашқы кездері қорыққанын жасырмады. – Иә, жастық кезенді дұрыс пайдалану қажет. Сол үшін 18 жасымда алғашқы кәсібімді аштым. Бірақ бастапқыда оқумен қатар қосымша табыс көзін алып жүру мүмкін емес көрінетін. Кейін онлайн бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің әлеуметтік желідегі парақшаларын көріп қызығушылығым артты. Бірінші салған инвестициям 50 мың теңге еді. Бизнес бастау үшін міндетті түрде қомақты қаражат пен танымалдылық қажет деген уайымымның бекер екенін сол кезде түсіндім, – деді ол.

Перизаттың айтуынша, оқумен қатар табыс көзіне де үлгеру студенттердің арасында сирек кездеседі. Бастысы таза ниет пен нақты қалау болса, алынбайтын қамал жоқ екенін де тілге тиек етті. «Онлайн табыс табу, жеке бренд қалыптастыру мүлдем жас талғамайды» дей келе сұхбат барысында егде жастағы кісілердің де бизнес саласында мол табысқа кенелетінін, тіпті оларға сұраныстың көп түсетінін жайлы айтып өтті.

– «ТикТок» – үлкен мүмкіндік сыйлайтын желі. Оған «fbusiness» парақшасын жүргізетін апаның өзі дәлел. Ол тікелей эфир арқылы орамал, қазақы шашбау, шекелік, сырға сатады. Апамызды тамашалайтын көрерменнің санын көрсенді, таңдай қағасыз. Алғашында қызықтап қарап жүрген едім, уақыт өте келе бизнес саласындағы бәсекелесіме айналғандай сезімде болдым. Тапсырыстарды жеткізу қызметіне апаруға барғанда жиі көремін. Алам өте қуатты, жігерлі.

Ал қайраттылығы сонша өз жасынан әлдеқайда жас көрінеді. Тапсырыстары өте көп, бірақ соған қарамастан тауарларды өз күшімен көтеріп, қаптаманың сыртын толтырып жөнелтеді, – деді жас кәсіпкер.

Расымен, бүгінде әлеуметтік желі тек байланыс құралы ғана емес, табыс табудың тиімді алаңына айналды. Бұрын кәсіп ашу үшін арнайы дүкен, жалға алынған ғимарат немесе үлкен капитал қажет болса, қазір бір ғана телефон мен тұрақты интернеттің өзі жеткілікті.

Акерке ДАРХАНҚЫЗЫ

Мисалы заманауи мүмкіндіктердің арқасында саудаға икемі бар адам үшін табыс табуын жолы көбейді. Әсіресе әлеуметтік желілер шағын кәсіптің алып алаңына айналды. Осы арқылы студенттер, жас аналар кәсібін дөңгелетіп отыр.

Бизнестегі жолын 18 жаста бастаған Перизат Жаңабай алғашқы кездері қорыққанын жасырмады.

– Иә, жастық кезенді дұрыс пайдалану қажет. Сол үшін 18 жасымда алғашқы кәсібімді аштым. Бірақ бастапқыда оқумен қатар қосымша табыс көзін алып жүру мүмкін емес көрінетін. Кейін онлайн бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің әлеуметтік желідегі парақшаларын көріп қызығушылығым артты. Бірінші салған инвестициям 50 мың теңге еді. Бизнес бастау үшін міндетті түрде қомақты қаражат пен танымалдылық қажет деген уайымымның бекер екенін сол кезде түсіндім, – деді ол.

Перизаттың айтуынша, оқумен қатар табыс көзіне де үлгеру студенттердің арасында сирек кездеседі. Бастысы таза ниет пен нақты қалау болса, алынбайтын қамал жоқ екенін де тілге тиек етті. «Онлайн табыс табу, жеке бренд қалыптастыру мүлдем жас талғамайды» дей келе сұхбат барысында егде жастағы кісілердің де бизнес саласында мол табысқа кенелетінін, тіпті оларға сұраныстың көп түсетінін жайлы айтып өтті.

– «ТикТок» – үлкен мүмкіндік сыйлайтын желі. Оған «fbusiness» парақшасын жүргізетін апаның өзі дәлел. Ол тікелей эфир арқылы орамал, қазақы шашбау, шекелік, сырға сатады. Апамызды тамашалайтын көрерменнің санын көрсенді, таңдай қағасыз. Алғашында қызықтап қарап жүрген едім, уақыт өте келе бизнес саласындағы бәсекелесіме айналғандай сезімде болдым. Тапсырыстарды жеткізу қызметіне апаруға барғанда жиі көремін. Алам өте қуатты, жігерлі.

Ал қайраттылығы сонша өз жасынан әлдеқайда жас көрінеді. Тапсырыстары өте көп, бірақ соған қарамастан тауарларды өз күшімен көтеріп, қаптаманың сыртын толтырып жөнелтеді, – деді жас кәсіпкер.

Расымен, бүгінде әлеуметтік желі тек байланыс құралы ғана емес, табыс табудың тиімді алаңына айналды. Бұрын кәсіп ашу үшін арнайы дүкен, жалға алынған ғимарат немесе үлкен капитал қажет болса, қазір бір ғана телефон мен тұрақты интернеттің өзі жеткілікті.

Акерке ДАРХАНҚЫЗЫ



ШАБЫТ СЫЙЛАЙТЫН ШАҒЫН ӘЛЕМ

Кұрбы-лар ыңызы бен жиналып, тіпті баламен де бірге барып, уақытты ерекше өткізуге болатын жерді білесіз бе?

Қызылордалық жас суретші әрі кәсіпкер Ясмينا Ким шығармашылықты тек хобби емес, өмірлік миссияға айналдырып, өнер арқылы шабыт сыйлап жүрген жастардың бірі. Небәрі 23 жасында ол өз арманын жүзеге асырып, «YasminArt» атты арт студиясын ашқан. Жақында кейіпкермен кездесіп, жұмыс барысы жайында сұрадық.

Студияға кірген сәтте ерекше атмосфера сезілді. Жайлы музыка, бояулардың хош иісі, үстел үстіндегі қылқаламдар, конактардың керемет эмоциясы, көздің жауын алатын көлеңер туындылары – мұның бәрине қарап, расымен демаласыз.

Ясминаның айтуынша, сабаққа түрлі жастағы адамдар келеді. Бірі қылқаламды алғаш рет ұстаса, енді бірі арт терапияның арқасында талантын дамытып жатыр.

– Тұсаымды кескенде қолыма қылқалам ұстаған екенмін. Сурет салуды сол кезде-ақ таңдаған секілдімін.

«YasminArt» студиясын ашу туралы идея жүректен шыққан ой еді. Бұл сала мен үшін тек хобби емес, ішкі күйімді жеткізудің бір жолы. Уақыт өте келе шабыт беретінін түсіндім. Сол себепті осы сезімді басқалармен бөліскім келді. Осылайша кішкентай арманым мақсатқа айналып, «YasminArt» студиясы ашылды.

Ал егер ауқымды, деталі көп тапсырыс болса, оны даярлауға 1 аптаға дейін уақыт кетуі мүмкін, – деп түсіндірді кейіпкеріміз.

Әңгіме барысында ол сұраныстың күннен күнге артып жатқанын айтып, қуанышын



жасырмады.

Қызылордалықтардан бөлек өзге қала тұрғындарының да қызығушылығы артқан. Сондықтан онлайн форматта да жұмыс істеп, дайын жұмыстарды басқа өңірлерге жеткізіп береді.

Сөз соңында кейіпкеріміз психология мен сурет салудың байланысы жайында түсіндірді.

– Сурет салу – адамның ішкі жан дүниесін бейнелейтін ерекше өнер. Көп жағдайда адам эмоцияларын сөзбен жеткізе алмайды, ал қылқалам мен бояу сол сезімдерді еркін түрде қағаз бетіне түсіруге мүмкіндік береді. Яғни адам сурет салған кезде эмоциясын іште ұстамай, қағазға шығарады. Соның арқасында көңіл-күйі жақсарды. Бұл процеске тек шығармашылық деп емес, терапия ретінде де қараған жөн, – дейді Ясмينا Ким.

Сөз арқылы жеткізе алмайтын дүниені, кейде бояу мен қылқалам жақсы жеткізеді. Біз таныстырған «YasminArt» арт студиясы дәл сондай сезімдердің мекені. Мұнда келген әр адам бойындағы қабілетін ашады, шығармашылық арқылы тыныс алады. Жас кәсіпкердің бастамасы өнердің тек әдемілікке емес, жанға ем болатын күш екенін тағы бір дәлелдегендей.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Перизат БЕКНАЗАР:

ДҮНИЕ ЕМЕС, РУХАНИ БАЙЛЫҚ ЖИНАУ КЕРЕК



Басы 1-бетте

– Келесі сұрағым қаржылық тұрақтылыққа қатысты. Туризм саласы маусымға тәуелді екені белгілі. Осындай жағдайда компания табысын тұрақтандырып, жылдық жоспарды орындауға қандай стратегия қолданасыз?

– Негізінде туризм маусымға тәуелді емес. Көпшілігі саяхаттау үшін міндетті түрде жаз мезгілін күтеді. Алайда бұл – қате түсінік. Әлемде әр елдің өз маусымы бар. Мәселен, Түркия, Египет, Индонезия жазғы бағыттарға жатса, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, Тайланд, Америка, Үнді мұхиты жағалауындағы аралдар мен Африка елдері жыл он екі ай турист қабылдай береді. Бұдан бөлек, экскурсиялық тур бар. Демалыс алып, шетел көргісі келген адамға арқашан мүмкіндік табуға болады. Грузия, Әзірбайжан, Стамбул бағыттары да жыл бойы қолжетімді. Яғни саяхат белгілі бір маусыммен шектелмейді. Әр адам өзіне ыңғайлы уақытты таңдаса, біз сол сапарды тиімді әрі қолайлы етіп ұйымдастырамыз.

– Көп адам шетелге шыққанда тек әдемі жерлерді көруге ұмтылады. Ал сіз үшін елді таңдаудың ең дұрыс жолы қандай? Турист ретінде емес, «сезіне білетін адам» ретінде нені байқау керек?

– Әдемі көріністерге қызығу – көбіне саяхатқа енді ғана бет бұрған адамдарға тән құбылыс. Ал тәжірибелі саяхатшылар уақыт өте келе өзгеше дүниелерді іздей бастайды. Бізбен бірге он-он бес жылдан бері әлем аралап жүрген туристер бар, олар көпшілік тандай бермейтін бағыттарға қызығады. Жағажайда демалудан гөрі рухани толысуға мән береді. Тарихи оқиғаға бай елдерді көруге, халықаралық деңгейдегі маңызды шараларға қатысуға ұмтылады. Мәселен, Олимпиада ойындары өтетін мемлекеттер, әлемдік футболдалары ұйымдастырылатын елдер немесе әйгілі өнер иелерінің концерттері өтетін орындар олар үшін қызығырақ. Сонымен қатар Португалия, Жаңа Зеландия секілді көпшілікке аса таныс емес елдерге барып, халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін тануға ұмтылатындар көбейді. Кейінгі жылдары отбасымен саяхаттайтындар саны да артты. Жалпы, қазіргі турист тек «әдемі жерді» ғана емес, ерекше тәжірибені іздей бастады.

– Кез келген кәсіптің артында мемлекетпен байланыс болары анық. Айтыңызшы, сіздің компанияңыз үшін салықтық жүктеме қаншалықты ауыр? Мемлекет тарапынан туризм бизнесіне нақты қолдау бар ма, әлде кәсіпкерлер көбіне өз күшімен дамуға мәжбүр ме?

– Біз, өзге де кәсіпкерлер секілді, өз күшімізбен

дамып келеміз. Мемлекет тарапынан туризм саласына нақты субсидия немесе арнайы қолдау қарастырылмаған. Салық мәселесі – барлық кәсіпкерге ортақ түйткіл. Әсіресе туризм саласында бұл мәселе күрделірек. Себебі біздің жұмыс жүйемізді толық түсінбейтін жағдайлар жиі кездеседі. Біз – қызмет көрсетуші саламыз. Түскен жалпы айналымның бәрі біздің табысымыз емес, біз тек көрсеткен қызметіміздің белгілі бір пайызын ғана аламыз. Соған қарамастан, бүкіл айналымға салық салу ұсыныстары айтылады. Ал шын мәнінде, туризм – табыс маржасы ең төмен салалардың бірі. Сондықтан бұл бағытта қосымша құн салығын қайта қарастыру қажет деп есептеймін. Біз ештеңе өндірмейміз, тек қызмет ұсынамыз. Осы мәселені заңды өкілдер шешсе екен деймін.

– Қазақстандық туристердің таңдауы туралы айтсақ, біз әлі де «ыңғайлы» бағыттарды ғана таңдауға бейім секілдіміз. Саяхатшыларға алғашқы тур ретінде қай мемлекетті таңдауға кеңес бересіз?

– Егер саяхатқа үлкен кісілер шығатын болса, «барлығы қамтылған» жүйемен жұмыс істейтін бағыттарды таңдаған жөн. Түркия, Египет, Вьетнам немесе Дубай секілді елдерде турист тамақ пен тұрмысқа алаңдамайды, бәрі дайын. Ал мұндай бағыттар әсіресе балалармен саяхаттайтын отбасыларға да ыңғайлы. Егер балалар есейген болса, онда Еуропа елдерін, Америка, Маврикий, Бали, Филиппин, Камбоджа секілді бағыттарды көруге кеңес берер едім. Бұл елдер адамның танымын кеңейтіп, жаңа әсер сыйлайды. Әрі баналды таңдау емес.

– Білдімізше «Arag travel»-дің қызылордалықтарды түрлі түрмен қуантып келе жатқанына 19 жылдан асты. Осы уақыт аралығында туризм бизнесіндегі ең қиын дүние деп нені атар едіңіз?

– Туризм саласындағы ең күрделі мәселе – тұрақсыздық. Әлемде болып жатқан кез келген жағдай, мейлі ол соғыс болсын, табиғи апат болсын немесе саяси өзгерістер болсын, бұл салаға бірден әсер етеді. Сонымен қатар туроператорларға тәуелділік те үлкен қауіп. Біз серіктес ретінде жұмыс істейтін компанияларға қаражат аударамыз. Егер олар қаржылық қиындыққа ұшыраса, ең алдымен зардап шегетін – біз және туристер. Өкінішке қарай, тәжірибеде бірнеше туроператордың банкротқа ұшырағанын көрдім. Мұндай жағдайда туристердің де, біздің де сенімімізге сызат түседі.

– Сіздің команданың – кәсіптің жүрегі десек артық емес. Қазір ұжымыңызда қанша адам жұмыспен қамтылған және мықты команда қалыптастыра алдым деп ойлайсыз ба?

– Ұжым – кез келген кәсіптің ең әлсіз әрі ең маңызды тұсы. Білікті менеджерлер мен сатушыларды табу оңай емес. Қазіргі жастардың кейбірі бірден жоғары табысқа қол жеткізгісі келеді, алайда кез келген жетістік кезең-кезеңімен келеді. Әр қызметкермен жеке сөйлесіп, бағыт беруге тырысамын. Қуантатыны, бізде сегіз-тоғыз жылдан бері бірге жұмыс істеп келе жатқан мамандар бар. Ұжымның басым бөлігі – әйелдер. Бірі тұрмыс құрып, бірі бала күтіміне кеткен сәттерде кадр тапшылығы сезіледі. Жаңа маманды қайта үйрету де уақытты талап етеді. Дегенмен қазіргі жастар алғыр, ақпаратты тез меңгереді.

Жалпы, іріктеу кезінде талапты жоғары қоямын. Сондықтан тек батыл, жауапкершілігі мықты

адамдар ғана осы салада тұрақтай алады. Қазір сегіз адамнан құралған, өзін сенетін кәсіби команда «Arag travel»-дің жұмысын жүргізіп отыр.

– Шетел көрген адам мың кітап оқығанмен пара-пар келеді екен. Сізді осыған дейін 40 елді аралағаныңызға қарасақ, біраз тәжірибе жинаған саяхатшы деуге негіз бар. Өзіңізге қатты ұнаған мемлекетті атаңызшы. Неліктен ол жерді ұнаттыңыз?

– Бұл ой маған таныс. Тіпті бұрын толықтай қолдайтынмын. Алайда уақыт өте келе бұл түсініктің адам санасына байланысты екенін ұқтым. Қаншама адамның сапарға шығуына себепші болсам да, одан терең әсер алған жандар сирек кездеседі.

Дегенмен әлемді көру керек. Қасиетті Құран Кәрімде жер жүзін аралап, тануға шақыратын өсиет бар.

Сапарға шығарда адам өзіне «мен бұл жолдан не аламын, не үйренемін?» деген сұрақ қоюы тиіс. Сонымен қатар әрбір адам шетелде өз елінің өкілі екенін ұмытпауы керек. Сен – өз ұлттың айнасысың. Сол себепті өзге елде мәдениетті сақтап, жергілікті халықтың салт-дәстүріне құрметпен қарау – әр азаматтың міндеті.

Өкінішке қарай, кейбір адамдардың өзге елде тұқапарлық танытып, жергілікті тұрғындарға құрметсіздік көрсететінін де көріп жүрміз. Бұл – ұят жағдай.

Ал өзіме ұнаған елдерге келер болсам, әрқайсысы жүрегімде ерекше орын алады. Дегенмен рухани тұрғыдан ерекше әсер қалдырған, қайта-қайта баруға дайын мекен – Мекке-Медина. Ол жерге барған да арманда, бармаған да арманда.

– Көпшілік үшін шетелге шығу әлі де қолжетпейтін арман секілді. Осы қорқынышты жою үшін адам неден бастау керек деп ойлайсыз?

– Ең алдымен, адам өз өміріндегі басымдықтарды дұрыс айқындауы керек. Өзіміздің қазақи қоғамда ысырапшылық басым. Кейде бір тойға арналған киімнің өзіне қомақты қаржы жұмсалды, бірақ сол қаражатқа шетелге сапарлап қайтуға болатынын ескермейміз.

Артық данғаса мен көрсетілме әуестік адамды шынайы мүмкіндіктерден алыстатады. Уақыт та, денсаулық та мөңгі емес. Сондықтан адам бүгіннен бастап әрекет етуі тиіс. Ысырапты азайтып, маңызды дүниелерге мән берсек, саяхат та қолжетімді болады. Дүние емес, рухани байлық жинау керек. Себебі әлемді көрген адамның ой-өрісі кеңейіп, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Сол үшін саяхаттауға асығайық, ел көрейік, жер көрейік, таным көкжиегімізді кеңейтейік.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА



СӘУІР БОЛМАЙ, ТӘУІР БОЛМАС: ТАБИҒАТ ПЕН ТАНЫМ ТАҒЫЛЫМЫ

Көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыздың тұрмыс-тіршілігі табиғатпен тығыз байланысты болған. Сол себепті, ата-бабаларымыз табиғат сырын терең түсініп, ауа райын алдын ала болжай білген. Халық арасында «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген сөз бар. Бұл сөздің мағынасы сәуір айындағы құбылыстарға келіп тіреледі. Сәуірдің мәні-мағынасы мен ерекшелігі мұнымен шектеліп қалмайды.

Сәуір айы XXI ғасырға дейін көкек айы деп аталып келген. Бұл атаудың себебі – көктемнің бір белгісі саналатын көкек құсының шақыра бастайтын уақытымен тұспа-тұс келуі. Сәуір айында, ескіше көкек айында көкектің үні ерекше байқалады. Кейін халық танымында көкек – өз атын өзі шақыратын ұшалақ құс ретінде жағымсыз сипатқа ие болып, ай атауы сәуір деп өзгертілген. Алайда қазақтың



Сурет ашық дереккөзден алынды

ұлы ғалымы, шығыстану ғылымының «аққан жұлдызы» Шоқан Уәлиханов көкек құсын жағымсыз құс емес, керісінше, киелі құс деп санаған. Яғни, халық арасында көкектің жағымды да жағымсыз тұстары қатар айтылып, пікірталас тудырады.

Ежелде халқымыз сәуір бітпей қыстаудан қозғалмаған. Неге десеңіз, сәуірдің құбылмалылығынан, әлі де болуы мүмкін қар мен суық ызғардан сақтанған көрінеді. Сәуір айының басындағы суық бітпей, жаз шықпайды деседі. Бұл суықтарды халық сәуір

амалдарына жатқызады. Бесқонақ – күн күрт суытатын, бес-жеті күндік жауын-шашынды кезең. Қызыр камшысы кезінде найзағай ойнап, жаңбыр жауып, топырақ ылғалданады. Осы амал тұсындағы найзағай жарқылын халық «Қызырдың камшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептеген. Ал тобылғы жарған – қар толық еріген, тобылғының бүршік жарған суық желді кезі. Бұл амал өсімдіктің тамыр жайғанын, алғашқы көк шыға бастағанын білдіреді. Отамалы болса, қыстың соңғы зәрі шығатын боранды уақыт.

Этнограф Алмахан Мұхамедқалиқызының айтуынша, «Даланың данышпандары» атанған қазақтар сәуір айын амалдап өткізеді. Сәуір айы төрт түлік малдың төлдейтін уақыты, көктің шығатын уақыты. «Сәуірде сайран салмай, айран болмайды» дейді. Сондықтан да сәуір айына қазақ аса мән берген. Яғни, «сәуір болмай, тәуір болмас» тіркесі сәуірдің суығы өтпей, қазақтың көңілі жайланбағанын білдіреді. Бұған тағы бір дәлел ақиық

ақын Мұқағалидың мына өлең жолдары болмақ: «Сәуір айы – малшыға сарыуайым, малмен бірге бағады ауа райын...».

Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер осы кезеңінде қазақ жұт болады деп ырымдап, мал соймаған, қан шығармаған. Сәуір айының тағы бір ерекшелігі – бұл айда жауған жаңбыр суы ең таза су деп саналады. Наным-сенімдерге сүйенсек, сәуір жаңбырына суланған киім шірмейді, шашқа тисе, жақсы өседі, ал бұл суды ішсе ауруларына шипа болады деседі.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, шынында да, сәуір – қазақ ежелден-ақ айрықша әспеттеген, орны ерекше ай. Көктемнің жүрегі саналатын бұл айды мен де өзге айлардан ерекше жақсы көріп, асыға күтемін. Елдеше, табиғаты құбылмалы, қасиеті мол сәуіріміз баршамызға күт пен береке әкелсін!

Еркін НҰРЫМ,
11-сынып оқушысы,
Жамбыл облысы

ЖАС ҚАЛАМ

Қарақат Ғани 2009 жылы 4 маусымда Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Темірбек Жүргенов ауылында дүниеге келген. Әбдікарім Оңалбаев атындағы №117 жалпы орта білім беретін мектептің 11-сыныбында оқиды. Жас ақын ретінде шығармашылыққа бейім, поэзия саласында өзіндік көзқарасы мен танымы қалыптасып келе жатқан оқушы. Оның өлеңдерінен туған әсерге деген перзенттік парыз, Отанға деген махаббат сезіледі. Сонымен қатар, табиғатпен жаны сырласып, үндесе кететін Қарақаттың әлемі осы әсемдікпен үйлесім тапқандай. Жас таланттың бірқатар өлеңін оқырман назарына ұсынганды жөн көрдік.



Редакциядан

Мен бойымды түзеп келем өзінде,
Мен өзіңді өміріме үлгі етем.

ӨТКЕНГЕ САҒЫНЫШ

Тыншымай жүр мына кеуде біраз күн,
Тыншытпай бермей жүрген жыр азғын!
Жанарымда жанартау боп атқылап,
Күрсінгені жиылып тұр біраздың.

Кеудем толы алау кешкен шақтарға,
Сана тұнған сансыз сыр мен ақпағра.
Сынбайтұғын семсері бар тағдырдың,
Тірек болам тайғанақтап жатқанға.

Көктем күліп шық боп қонса маңдайға,
Құйындатып қайғы тағы арбай ма?
Жүрегімде тұнған ғаріп сағыныш,
Қарамай ма қалшандаған жағдайға?

Жалаң аяқ жүргенім құм кешіп,
Жанарымда жасын ойнап, күн кешіп.
Жалын жұтып, жан даусыммен шақырам,
Жауап берді жаңғырықтар үн қосып.

Сырғымалы уақытына тақ кінә,
Сағым сынды сөнер ме екен шақ мына?
Ғасыр кетті арқаланып жайына,
Ғайып болды ұяң қызың аққұба.

Сағынышым сарқылмайтын өткенге,
Бүгінге жоқ алайда өкпем де.
Жасырайын сол сезімді ел-жұрттан,
Сағынбайтын бірақ, сірә, жоқ пенде.

АҚЫНДЫҚ ОЛ

Ақындық ол – атак емес, мадақ емес білгенге,
Алты қаттың астын ғана панасы қып жүргенге.
Асыл сөзді пірдей санап, бұғып өмір сүргенге,
Ақындық тек мұңайтады, мұң артады бір демде.

Ақындық ол – жамау болған жалғыздықтың
нышаны,
Ақын әні мұңлы орман ішіндегі күс әні.
Екі әріптің басын қоспап мөңгірттердің тұзағы,
Осы нәрсе, тазалықты ақындығы бұзады.

ЖЫРЛАП ӨТЕРМІН ӘЛЕМДІ МЫНАУ, СӨЗ БЕРЕМ

Тағы да келдім, қағаз бен қалам қолымда,
Арманға ердім, қиял мен шабыт жолында.
Жазғым-ақ келді-ау жаныммен тағы бір өлең,
Жазылмай қалып ұмытылмас үшін сағымда.

Кім жайлы жазам, білмеймін әлі бірақ та,
Жақындарымның барлығы қазір жырақта.
Сағынышымды босатып ойдан қараңғы,
Айналдырсам ба, көзімді жанар шыраққа?

Ақындар көбі баулардан алшақ кетпейтін,
Алатын шабыт, таулардан көзің жетпейтін.
Таңданам кейде өзімнің ақындығыма,
Табиғатты да, тауды да қажет етпейтін.

Өзімде шабыт, іздемегенмін өзгеден,
Жеткізу оңай, өмірді өлең, сөзбенен.
Қағаз бен қалам берсеңдер болды маған тек,
Жырлап өтермін әлемді мынау, сөз берем!

КӨКТЕМ

Өмір жаңа туғандай балғын нұрдан,
Күн таратып жылуын төседі кең.
Бүгін аспан көгілдір алдыңғыдан,
Бүгін аспан көңілді кешегіден.

Өн бойыма өзендей жыр ағып өт,
Сұп-суық айналмайын қара мұзға.
Көркем болғым келеді, қылауы жоқ,
Қамқор болғым келеді панасызға...

ЖЕЛ АЙДАП КЕТТІ ЖАПЫРАҚТАРДЫ...

Айналғандай ма айнала күзге,
Түсі де сұрғылт, көңіл – сыз.
Қар жауғанына қуандық біз де,
Алайда аспан көңілісіз.

Қондырған теріс өкпелерін де,
Тондырған жиі жас талды.
Қатігездіктің жоқ керегі де,
Жылатып қойған аспанды.

Жел айдап кетті жапырақтарды,
Жансыз билейді көшеде.
Амалсыздан жүр атырып таңды,
Қатігездігіміз – мәселе.

Қарақат ҒАНИ,
Ә.Оңалбаев атындағы
№117 мектептің 11 сынып оқушысы,
Жалағаш ауданы

МЕДИЦИНАДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Медицинада ота түрлері негізінен екіге бөлінеді: жоспарлы және жедел. Жоспарлы ота – алдын ала дайындықпен, белгілі бір уақытта белгіленіп жасалса, жедел ота – ана мен нәрестенің өміріне қауіп төнген сәтте, күтпеген жағдайда жүзеге асырылады.

Көптеген медициналық мекемеде, соның ішінде облыстық перинаталды орталықта да ота барысында жартылай жансыздандыру тәсілі кеңінен қолданылады. Бұл әдіс арқылы пациент есін жоғалтпай, айналасында болып жатқанның бәрін естиді. Бір қарағанда бұл қалыпты жағдай болғанымен, адамның ішкі жан дүниесі үшін үлкен сынақ екені анық.



Жоспарлы отаға келген пациент қанша дайындалса да, бойында қорқыныш сезімі басым болады. Ал жедел ота жағдайында бұл сезім бірнеше есе күшейеді. Себебі мұндай сәтте әйел адам күтпеген жағдайға тап болып, өз өмірі мен іштегі сәбиінің тағдыры үшін алаңдайды. Қобалжу, уайым, көз жасына ерік беру – осының бәрі табиғи құбылыс.

Осындай күрделі сәттерде медицина қызметкерлерінің жылы сөзі мен қарапайым қолдауының өзі үлкен рөл атқарады. Пациентпен әңгімелесу, оның жағдайын сұрау, тіпті «сізге қалай ыңғайлы?» деген бір ауыз сөздің өзі адамның көңілін тыныштандырып, үрейін азайтады.

Ота барысында ең толықнысты сәт – нәрестенің дүниеге келуі. Дәрігерлер белгіленген уақытта сәбиді алып, анасына көрсеткен кезде, бүкіл қорқыныштың орнын қуаныш сезімі басады. Ананың көзіндегі жас – қорқыныштың емес, шексіз бақыттың белгісі. Бұл – сөзбен жеткізуге келмейтін, әрбір ана жүрегінде мәңгі сақталатын ерекше сәт. Жалпы кез келген адам медициналық көмекке жүгінгенде қобалжитыны анық. Тіпті қарапайым ем-домның адамға психологиялық әсері бар. Ал ота – одан да күрделі кезең. Сондықтан мұндай кезде пациентке тек медициналық көмек қана емес, моральдық қолдау да аса қажет.

Қорқынышты толық жою мүмкін болмаса да, оны жеңуге көмектесетін бір күш бар. Ол – медицина қызметкерлерінің кәсібилігі мен жанашырлығы. Дәл осы қасиеттер пациентке сенім ұялатып, ең қиын сәттің өзін жеңіп өткеруге ықпал етеді.

Айнұр ДҮЙСЕНОВА,
облыстық перинаталды орталықтың ота блогы бар
қабылдау бөлімінің аға мейіргері

ҚАЗАҚ КИНОСЫ – ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ

Кино – жүректің тереңіне жол табатын, жан дүниені тербететін тылсым өнер. Бүгінде әлемдік деңгейге қанат қаққан қазақ киносының тамыры тым тереңде, тарихтың қатпар-қатпар қойнауында жатыр. Күмбірлеген күй мен жырдай толқып, ғасырлар үшін арқалаған бұл өнер «Тамыры тереңнің – тағдыры берік» демекші, уақыт сынынан сүрінбей өтті.

Кино – өнердің өрісті саласы, адамзаттың арманын, қуанышы мен қайғысын бейнелейтін ғажайып айна. Расында да, кино мен сериал – ұлттың болмысын, тарихы мен бүгінін, арманы мен арпалысын әлемге танытатын ең қуатты рухани құралдардың бірі. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін ұлттық кино жаңа тыныс, жаңа өріс тапты. Бұрынғының бұғауынан босап, еркін ойдың, азат рухтың айдынына шықты. «Еркін елдің енесі биік» демекші, режиссерлер де батыл тақырыптарға қалам тербеді. Тарихи драмалар арқылы ұлттың өткені жаңғырып, көмескі тартқан кезеңдер қайта сөйлей бастады. Хандар мен бағырлар, арыстар мен азаттық жолындағы арпалыс – бәрі экран тілінде жаңаша бедер тапты. Өткеннің ізі өшпей, бүгіннің жүрегіне жол тартты.

Сонымен қатар әлеуметтік тақырыптар да тереңдей түсті. Қоғамның көлеңкелі тұстары мен күнгейі, адам тағдыры мен заман талабы қатар өрлі. Отбасы құндылығы, әке мен бала, ана мейірімі, ұрпақ сабақтастығы – бәрі де «Отан отбасынан басталады» деген ұлағатты сөздің айғағындай көрініс тапты. Әрбір тағдыр – бір әлем, әрбір кейіпкер – тіршіліктің тірі тамыры іспетті.

Авторлық кино да өзіндік өрнек қалыптастырды. Режиссердің ішкі толғанысы, пайымы көркем кадрлар арқылы көрерменге жол тартты. «Өнер – жүректен жүрекке жетеді» десек, бұл бағыттағы туындылар терең ойға жетелеп, үнсіз сұхбатқа шақырады. Ал коммерциялық кино халықтың кең сұранысына жауап беріп, көрермен көңілін табудың жаңа жолдарын іздеді. Күлкі мен қуаныш, шытырман мен сезім – бәрі де заман ағымымен үндесті.

Кейінгі жылдары қазақ киносы мен телесериалдарының даму қарқыны артып, халықаралық рейтингтер мен фестивальдерде бой көрсетіп, шетелдік көрерменнің де ықыласына бөлене бастады. Сапалы туындылар шекара асып, ұлт өнерінің абыройын асқатқатты.


Қазақ киносы – уақыттың тамырын басқан тірі өнер. Ол – ұлттың жан айнасы, рухани болмысының көрінісі. Көк байрағымыз желбіреген сайын, кино да қанатын кенге жайып, әлем сахнасында өз үнін айқын естірте бермек. Осылайша ұзақ жылғы ізденіс пен табанды еңбектің нәтижесі бүгінде әлем назарын аударып бастады.

Бүгінде Netflix, Amazon Prime, HBO Max сынды ірі стримингтік платформалар ұлттық контентке қызығушылық танытып отыр. Қазақ

сериалдарының осы платформаларға енуі – үлкен жетістік. Бұл кино өнерінің жаһандық кеңістікке шығудың жарқын үлгісі деп бағдарлауға болады.

Халықаралық рейтингтерде жоғары бағаланған жобалар көбіне ұлттық колоритті, шынайы оқиғаға негізделген, адам тағдырына терең бойлайтын туындылар екені байқалады. Бұл қазақ киносының басты артықшылығы – жасандылықтан алыс, өмірге жақын болуы.

Бүгінде отандық кино саласы да уақыт талабына сай түрленіп келеді. Кейінгі жылдары қазақ сериалдарында урбанистік өмір, жастар психологиясы, әлеуметтік теңсіздік, әйел тағдырына қатысты тақырыптар батыл көтеріле бастады. Бұл өзгеріс көрермен талғамының өскенін, қоғамның ашық диалогқа дайын екенін көрсетеді.



Бүгінгі қазақ киносы тек көңіл көтеру құралы емес, ұлт санасын қалыптастыратын, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін идеологиялық күшке айналуы тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, кейінгі жылдары тарихи сериалдар мен патриоттық бағыттағы фильмдердің көбеюі – қуантарлық жайт. Экран арқылы тарихты таныту – ұлттық жадыны жаңғыртудың тиімді жолы.

Қазақ киносының болашағы зор. Жас режиссерлер, сценарий жазу дағдысының дамуы, техникалық мүмкіндіктер мен халықаралық әріптестік – саланың дамуына жол ашып отыр. Ең бастысы, ұлттық рух пен сапа қатар жүргенде ғана қазақ киносы әлемдік деңгейде өз орнын табады.

«Көш жүре түзеледі» дейді халық. Өлі де кемшіліктер бар, алайда бүгінгі жетістіктер – ертеңгі үлкен жеңістердің бастауы. Қазақ киносы мен сериалдары халықаралық рейтингтерде жоғарылап, жаңа бағыттармен толыға берсе, бұл – ұлт руханиятының жеңісі болмақ.

Әділет СМАҒҰЛ,
Серғали Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің оқушысы

15 СӘУІР – «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҮЛУ» КҮНІ

ҒАШЫҚТЫҚ – ӨЛМЕС ҺӘМ ӨШПЕС ТАҚЫРЫП

Махаббатты жоқ деп жүрген ауыздың, Айтары да айтпағы да жауыздық. Сүймегендер – аянышты пенделер, Ғашықтарды жырайды ақын аңыз ғып.

Арбамайды жүрегімде өзге өлең, Меңреу жан ғой махаббатты сезбеген, Ғашықтықтан туды менің бар жырым, Жыр жазбаймын ғашық емес кезде мен.

Бұл өмірде дұшпаным бар, досым бар, Мені ылғи да бақыттыға қосыңдар. Ғашық күнім – ашық күнім ол менің, Ғашық емес кездерімнен шошыңдар!

Тұманбай Молдағалиев

Иә, қазақ әдебиетінде махаббаттың бәсі биік. Бұл тақырып өлең мен әңгімелерде, жыр мен дастанда тамырын тереңге жайған тақырып. Мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың «Өтермін сіре да мен бұл өмірден, мәңгілік қалармын мен ғашық болып» деп жазуы, ал Мұхтар Шахановтың «Ғашықтықпен өткен күндер ғана өмір, ал қалғаны жай күндер» деп жырлауы – махаббаттың адам өміріндегі мәнін ашық көрсеткендей.

Десе де «Мен ғашықпын, ешқашан болмаймыз бірге бірақ» дегендей, бір-біріне жүрегі жетсе де, қолы жетпеге талай ғашық бар. Солардың бірі 15 сәуір – ғашықтар күнінің символына айналған Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу.

2011 жылдан бастап 15 сәуір – Ұлттық ғашықтар күні ретінде тойланады. Бұл күнді атап өту туралы бастама 1999 жылы көтерілген.

Аңыз бойынша, Қозы мен Баянның махаббатына тағдыр қарсы келіп, көптеген сынақтан өткені халық жадын-

да қалған. Сол тарих арқылы жастар махаббатты, адалдық пен батылдықты бағалауды үйренді. Ғашықтар туралы лиро-эпостық жыр XIII-XIV ғасырдан бастап жырланып, XIX ғасырдың ортасы тұсында қағазға түсірілген. Сыбанбай, Бекбау, Жанак, Шөже сынды ақындар арқылы ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен.

20-ға жуық нұсқасы бар жырдың ең танымалы – Жанактың нұсқасы. Махаббат жыры Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүріп, бел құда болуынан басталады. Екі әке сертесіп, Қозы мен Баянды қосуға бел буады, бірақ Сарыбай сол уақыттары түйе қарап кетеді. Уақыт өте, Қарабай «Қызымды жетім ұлға бермеймін» деп, бір кездері отарын жұттан құтқарған Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың қосылуын қаламаған Қодар айланып асырып, Қозыны өлтіреді. Қайғыдан қабырғасы қайысқан Баян Сұлу өш алу үшін қулыққа басады. Ол Қодарға құдықтан су алып берсе, оған күйеуге шығатынын айтады. Қыздың сөзіне сенген Қодар оның бұрымынан ұстап, құдықтың түбіне түсе бергенде, Баян бұрымын кесіп тастайды. Осылайша, Қодар түпсіз тұңғыққа құлап өледі. Содан кейін Баян ғашығы жатқан күмбезді келіп, өз-өзіне қол жұмсайды.

Баян Сұлу – Қозы Көрпеш трагедиясы алғаш рет 1940 жылы 29 сәуірде М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында сахналанған, ал 1992 жылы «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» кинокартинасы көрерменге жол тартты.

Телеген мен Жібек, Еңлік пен Кебек, Қозы мен Баян... Иә, бұл ғашықтардың тағдыры – махаббат үшін күресудің символы.

«Сіре, мендей ғашықтықтан бақ тауып,

Сіре, мендей мұңға батқан жан бар ма?».

Әлия ТӘЖІБАЙ



Сурет ашық дереккөзден алынды

Алғаш кездесу – ғашықтар үшін өте маңызды. Ол сәт он жыл өтсе де, жиырма жылды артақта тастаса да ұмыт болмайды. Кейін ол естелік ретінде балалар арасында ұзақ айтылатын оқиғаға айналады. Өздеріңіз білетіндей жақында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні». Мейрамға орай біз оқырмандарымыздың махаббат хикаясы туралы баяндап береміз.

ҚАЛАЙ ТАНЫСТЫҢЫЗДАР?

Аралбек & Салтанат

– «Әр таң сайын менің күнім ерекше көрініспен басталады. Мектепке қарай асығып бара жатқан жас мұғалімді, яғни анаңды көру үшін әдейі күтетінмін» деп қыздарыма жиі айтып тұрамын. Ол біздің үйдің алдынан өткенде, айнала нұрланып сала беретін. Қыздың жүрісіне, қолындағы дәптерлерге қарап, бұл қыздың менің болашақ жарым екенін іштей сездім.

Сырттай бақылап жүре бермей, бір күні батыл шешім қабылдадым. Үлкендерді жинап, болашақ жарымның үйіне құда түсіп бардым. Тәуекел жасағаннан кейін түсінігім – жар таңдаудан қателеспедім. Осылайша, өзім сүйген аруды шаңырағымға алып келдім. Содан бері екеуіміз бір түтін түтетіп, бақытты ғұмыр кешіп келеміз, – дейді кейіпкеріміз Аралбек.

Ерасыл & Дильназ

2024 жылдың күзі кейіпкерлеріміз үшін Қорқыт ата университетінің табалдырығын аттап, арман қуған студент атанған кез. Дильназ және оның құрбысы осы университетте бірге білім алады. Бірақ мамандықтары екітүрлі. Біреу Дильназдың құрбысының қолындағы альбом оның тағдырын күтпеген арнаға бұрады. Суреттегі бейнені актрисаға ұқсатқан Ерасыл әлеуметтік желі арқылы сүйген қызымен хат алмасып жүреді. 30 қазан күні алғашқы кездесуе шақырады. «Бір-бірімізден қысылып, ұяла сөйлескен сол тәтті сәттер әлі күнге дейін есімде» деп еске алды Дильназ.

Оның айтуынша, Ерасыл күнделікті оқуға апарып, қамқор болған. Арада сегіз айлық үзіліс болса да, сағыныш пен жылы естеліктер ғашықтарды қайта табыстырды. 2025 жылдың қазан айында Ерасыл ресми түрде сезімін білдірді. Жақында бірге болғандарына 1 жыл 5 ай толды. «Қиналғанда демей болып, қуанышыммен бөлісетін аяулы жанымның жылы сөздері маған шабыт береді. Біз бірге күліп, бірге мұнайып, бақытты болуға талпынамыз» дейді олар.

Қамбар & Әдемі

Ауылдың бір көшесінде, қарама-қарсы орналасқан екі үйдің арасы небәрі екі-үш минуттық қана жер. Осы көрші үйлерде Әдемі мен Қамбар есімді екі жас тете өсті. Олар мектеп табалдырығын бірге аттап, бір сыныпта білім алды. Әдемі Қамбардан алты-жеті ай үлкен болса да, бұл жас ерекшелігі Қамбардың жасосіріміз шағынан басталған ғашықтық сезіміне еш кедергі бола алмады. Қамбар сүйіктісіне ұзақ уақыт бойы сезімін білдіріп жүрсе де, Әдемі «Мен оған ешқандай мүмкіндік бермедім» деп сол бір тәтті күндерді әлі күнге күлімісіреп еске алады.

Қамбар тоғызыншы сыныптан соң мектептен кетсе де, көңіліндегі махаббат оты сөнген жоқ. Әдемі оқуын жалғастырып, студент атанған шақта да Қамбардың табандылығын азайтпады. Шешуші сәт 1993 жылдың 1 маусымында туды. Бұл – Қамбардың тұра 18 жасқа толған күні еді. Дәл осы айтулы күні ол дәстүрден аттамай, үлкендердің бастасын алып, сүйіктісін қазактың байырғы дәстүрін ұстанып, алып қашып кетті.

Содан бері қырық жылға жуық уақыт өтті. Бүгінде елудің бесінен асқан Қамбар мен Әдемі – алты бала тәрбиелеп отырған берекелі, үлгілі шаңырақтың иелері. Көрші екі үйдің арасындағы кішкентай ғана шақырым екі жастың тағдырын мәңгілікке тоғыстырған махаббат көпіріне айналды.

М.НИЕТ

15 сәуірді атап өту маңызды ма?

Басы 1-бетте

Ерлан ҰӘЛПЕВ және Балзия БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ:

– Біздің ойымызша, Қазақстанда ғашықтар күнінің екі рет аталып өтуі – қалыптаспағандық. 14 ақпан – әлем бойынша кең таралған мереке, ал 15 сәуір – біздің ұлттық құндылықтарымызға негізделген ерекше күн.

Қазір көпшілік 14 ақпанды ғана атап өтеді, ал 15 сәуір назардан тыс қалып жатқаны біз үшін дұрыс емес. Себебі өз ұлттымыздың мерекесін дәріптеп, оған айрықша мән беру керек.

Біздің отбасыда қарым-қатынасымыз сенімге, сыйластыққа және бір-бірімізді түсінуге негізделген. Біз әрқашан бір-бірімізді қолдауға, қиын сәттерде жанынан табылуға тырысамыз. Уақыт өте келе қарым-қатынасымыз нығайып, бір-бірімізге деген құрметіміз бен махаббатымыз одан әрі арта түсті.

Ғашықтар күні біз үшін жай ғана мереке емес, бір-бірімізге көңіл бөліп, жылы сөз айтып, сезімімізді тағы бір еске түсіретін ерекше күн. Дегенмен біз махаббатты тек осы күнмен шектемейміз. Күнделікті өмірде де бір-бірімізге қамқорлық көрсетіп, кішкентай қуаныштар сыйлауға тырысамыз.

Думан ЕРЛЕНОВ және Асылзат ҚАЙЫРБЕКҚЫЗЫ:

– Кейде махаббатты мерекеміз әдемілегіміз келеді. Бірақ шын мәнінде, махаббаттың өзі онсыз да әдемі емес пе? 14 ақпан – сән, тренд, көпшілікпен бірге қуану. Ал 15 сәуір – Қозы Көрпеш – Баян Сұлу күні – терең мағына, тамыр, тарих.

Бірақ махаббат үшін бір күн аз, ал екі күн көп болуы мүмкін... егер ол шынайы болмаса. Себебі сезім тек күнге емес, әрекетке байланысты.

Сондықтан біздің ойымызша, мерекені тойлау – әркімнің еркі. Бірақ ең бастысы – махаббатты көрсету емес, оны күн сайын дәлелдей білу. Кейде бір қарапайым қамқорлық, бір жылы сөз – кез келген мерекеден де қымбат.



Данабек МАДАЛХАН және Айгерім СЕРІК:

– Асылында, өзгермейтін, жазылмаған, бірақ бәріміз білетін заңдылық бар: ғашықтардың риясыз, кіршіксіз сезімдерін білдіруі арнайы бір күнге тәуелді емес. Мерекені тойлау мен махаббаттың көрінісі туралы айтпастан бұрын, алдымен төмендегі мәселеге қатысты пікірімізді айтқымыз келеді.

Ғашықтардың (мұнда некедегі ересек азаматтарды айтып отырмыз.

Некеге дейінгі жақын қарым-қатынастың салдары белгісіз, сондықтан көпшілікке жарияланатын жазбалар осындай түзету мен интерпретацияны қажет етеді. Сол үшін осында жазып, өз позициямызды қалдырдық) бірі-біріне деген ыстық сезімі мен сыйластығы, ілтипаты екеуара жасырын болуы тиіс еді. Десек те қазір өз сезімің, махаббатың жария етіп, сол арқылы бақытты жұптың, не идеал жұптың иллюзиясын ғана көрсетеді. Кейін бұл дүние қоғамда қалыптас жағдайға айналады.

Әлбетте, деңі сау махаббаттың көрінісі шынымен сол идеал белгілерге сай болып, дұрыс норма қалыптасса құба-құп. Біздің пайымдауымызша, махаббат деген ұғым дұрыс құндылықтарға негізделі отырып, аса бір танымалдылыққа тәуелді болмауы тиіс. Бүгінде мерекенің жақындауы – науқан іспеттес. Мерекені мерекелік көңіл-күймен қарсы алу, қуаныш сыйлау дұрыс та, ал рекордтарды жаңарту мен жарысу – дұрыс емес.

Үйге келгенде келіншегінің күліп қарсы алуы – мереке. Жарына жасаған қарапайым қамқорлық пен оның нәзік ілтипатпен қабыл алынуы – мереке. Бірге өткізген таң да, кеш те – мереке. Әрбір жұма – мереке. Көптеген ұлт рухани құрдымға душар болып жатқан заманда әрбірі өзінің ұлттық өзегін сақтап қалуға бар күшін салады. Біздің басқа еліміз, жеріміз, ұлтымыз жоқ екенін алғы орынға қойып ойланатын болсақ, құндылықтарға мән беріп, сабақтастықты үзбей, ұлттық тінімізден айырылмаудың қамын ойлау керек. Бұл біз айтып отырған қарапайым мереке тойлаудағы таңдаудан басталады. Ұлтынды сүй, теңіңді тапта, аманатыңды жаныңдай қастерле, ұлтын сүйетің ұрпақ тәрбиеле, – деді Данабек.

– 15 сәуір – отбасымыз үшін ерекше күн. Отбасы құрғаннан кейін бұл күнді махаббаттың тағы бір белгісі ретінде атап өтуді дәстүрге айналдырдық. Өйткені махаббатты білдіру, жылы сөз айтып, жақын адамды қуанту үшін арнайы себептің артықтығы жоқ деп ойлаймыз. Біздің түсінігімізде, махаббат бір күнмен немесе белгілі бір мерекеміз шектелмеуі тиіс. Әрине бүгінде көпшілік Valentine's Day – 14 ақпанды атап өтеді. Алайда біз үшін бұл күн ерекше мәнге ие емес, оны көбіне сырттан келген дәстүр, өзге мәдениеттің мерекесі ретінде қабылдаймыз. Сондықтан 14 ақпан – біз үшін қарапайым күндердің бірі ғана.

Ал 15 сәуір – өзіміз таңдаған, жүрекке жақын мереке. Бұл күні біз бір-бірімізге деген сезімімізді тағы бір мәрте еске салып, ризашылығымызды білдіреміз. Дегенмен шынайы махаббат тек белгілі бір күнде ғана емес, күн сайын көрініс табуы керек деп есептейміз. Таңертеңгі жылы сөз, күнделікті қамқорлық, көңіл бөлу – міне, нағыз махаббаттың белгісі осы. Мерекені күтіп, ерекше күнді ғана аңсап отырудың қажеті жоқ. Махаббат – үздіксіз сезім. Егер адамдар бір-біріне күн сайын мейірім танытып, құрмет көрсетсе, кез келген күн мерекеге айналары сөзсіз, – дейді кейіпкеріміз Айгерім.

Данияр САҒИТУЛЫ және Арай БАҒДАТОВА:

– Менің жаным не айтса, сол болады, – деп бастады Данияр күліп – шынымды айтсам, біз бұл мерекелерді бұрыннан ерекше атап өтетіндердің қатарынан емеспіз. Мен үшін ең маңыздысы – бір күнге байланып қалмай, күн сайын сүйіктіме деген махаббатымызды білдіру. Онсыз біздің ешқандай мерекенің де мәні болмас еді. Ал 14 ақпан мен 15 сәуір – жай ғана ішкі сезімді тағы бір рет ашық айтып, шынайы ықыласты білдіруге берілген қосымша мүмкіндік.

– Ал менің ойымша, махаббат – бір күнмен шектелетін сезім де, тек мерекеге тәуелді ұғым да емес. 14 ақпан болсын, 15 сәуір болсын – әрқайсысының өзіндік мәні, өзіндік ерекше атмосферасы бар. Дегенмен 15 сәуір маған әлдеқайда жылы сезіледі. Себебі ол – өз тарихыма, өз мәдениетіме жақын мереке.

Әрине 14 ақпанды атап өткен дұрыс. Бірақ соны желеу етіп, Қозы Көрпеш – Баян сұлу күнін ұмытып кету немесе екінші қатарға ысыруды орынсыз деп білемін.

Жалпы, махаббат тек белгілі бір күндерде ғана емес, күнделікті іс-әрекетте, қарапайым сөздер мен қамқорлыққа көрініс табуы керек. Ал бұл екі күн – сол сезімді жұрт алдында білдіруге берілген жай ғана сыйлау секілді, – деп Арай өз сөзін қорытындылады.

Түйін: Жүректен шыққан әрбір жауап махаббаттың бір ғана ұғыммен шектелмейтінін аңғартады. Ол біреулер үшін үміт, енді біреулер үшін сынақ, ал тағы бірі үшін өмірдің мәніне айналған асыл сезім. Қоғам қанша өзгерсе де, технология қанша дамыса да, адамзат баласының жүрегіндегі махаббатқа деген мұқтажық ешқашан жоғалмайды. Сондықтан да Қозы Көрпеш пен Баян сұлу жайлы аңыз тек өткеннің естелігі емес, бүгіннің де рухани темірқазығы болып қала бермек. Махаббат, кейіпкерлеріміз сипаттамақшы, тек жылтыраған сыйлықтардан ғана емес, жұбына деген ыстық ықыластан, ұлтқа деген құрметтен хәм сыйластықтан құралады. Осыны есте сақтайық, құрметті оқырман!

Қорлан САРЫ

АСПАННЫҢ АҚ ЖЕЛКЕНДЕРІ

Аспанға қарағанда біз көретін мақтадай аппақ бұлттар – табиғаттың тылсым құбылыстарының бірі. Олар туралы ой толғау көп. Әсіресе үлгідеген ақ мақтаның сыртынан сурет сызып, балалық кезеңді еске алу қандай ғанибет. Оны қолмен ұстап көру өрбірміздің арманымыз болған шығар. Біз оны мақтадай жеңіл деп елестетеміз. Бірақ аспанның ақ желкендерінің бізге белгісіз сыры бар.

Тұңғық, түссіз көк аспан,
Жайымен ғана жатыр сұлқ.
Керуендей адасқан,

Келеді жылжып бір топ бұлт, – деп Мұқағалидің өлеңінде орын тапқан бұлттың біз білмейтін жақтары бар екен. Өлеңдерде ол автордың көңіл-күйін, адамның арманын арқалайды. Бірде сұрланып қас-қабақтың бұртқанын аңғартады. Оны қолға алып, ұшып көру баріміз үшін арман. Бірақ оның салмағы білсеніз, бұл идеядан қашатын едіңіз. Америка құрама штатындағы Ұлттық атмосфералық орталығының қызметкері Пегги Лемон бұлттың салмағын анықтады. Елестетіңізші, ол 500 000 киллограмға тең екен. Бұл біз жиі көретін бұлттың салмағы. Мұндай қызық есепті шешу үшін Лемон бұлтты пілмен өлшейді. Орта қалыптағы үлкен пілдің салмағы шамамен 6 тоннаны құрайды. Ал бұлт жануардың 100-ге жуығының қосындысындай салмаққа ие деген тұжырым жасайды.

Бұл ғажайып тек жерде ғана емес, күн жүйесіндегі басқа да планеталарда бар. Бірақ бір қызығы олармен тамсану мүмкін емес. Бұл туралы «Крупскі веснік» газетінде жазылған. Шолпандағы бұлт күкірт қышқылынан тұрады. Ал Юпитер мен Қоңырқайда олар аммиак және метаннан жасалған. Бір қызығы олардың түсі де ерекше. Біз үшін үйреншікті ақ желкендер мұнда түрлі-түсті ашық сызықтар мен дақтарға ұқсайды. Оларды тіпті жердің өзінен көруге болады.

Осыдан болар, бұлт туралы ақындардың өлеңі көп. Оның тылсым, көпшілікке беймәлім қабілетін байқап па екен, ақындар көңіл-күйді де ерекше бияздықпен сипаттайды. Бірі «Ақша бұлтым, айтшы маған, айтшы маған, келдің қайдан?» десе, енді бірі «Ойға батып опынам – өңім бе бұл, түсім бе? – үнеіз кейде отырам кара бұлт ішінде», – деп жырлайды. Ал сіз бұлтқа қарап нені елестетесіз, оқырман?

М. МАЙБЕКҚЫЗЫ

Сурет ашық дереккөзден алынды



CHRISTIAN DIOR-ДЫҢ

БОЙҒУМАРЫ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Иә, атақты Кристиан Диор туралы айтқанда Митца Брикар мен Марлен Дитрих еске түседі. Себебі екеуі де дизайнердің музасы еді. Бірақ Диордың өзі оны бақ әкелетін бойғумарға теңеген тағы бір музасы болғанын білесіз бе?

Ол қазақ қызы – Алла Ильчун. Сән үйі құрылғаннан бері шебердің жанында болған қазақ қызы сол жерде 20 жылға жуық қызмет еткен. Алла Ильчун туралы білетіндердің көбі оны Шығыстың маржаны, Диордың бойғумары, Диордың музасы, тіпті қазақтың күлше қызы деп атаған. Себебі мейманханаларда ыдыс жуып жүрген Алла аяқ астынан танымал модельге айналған. Оның белі бар болғаны 47 см болғанын білесіз бе? Міне, солайша ол өзінің қылдай жіңішке белімен көзге түскен.

Алла Ильчунның отбасы жайлы ақпарат аз. Әкесі Қуанқан Алматы қаласында тұрған, байдың ұлы болған. Теміржол мамандығын томамдап, Түркісіб құрылысын жүргізуге де атсалысқан. Кейін іссапар барысында Харбин қаласында Алланың анасы Татьянамен танысқан. Ал Татьяна – опера әншісі. 1917 жылы болған революция кезінде олар бірнеше жыл Харбин қаласында тұрып, кейін Парижге қоныс аударған. Бірақ кемеге тек Алла мен анасы ғана отырып үлгерген деседі. Содан кейін әкесі із-түссіз жоғалған.

Түрлі жұмыс істеп, кейін әлемге танылған Алла Ильчунды нәзік әрі қылықты болған

деп сипаттайды. Ашық дереккөзге сүйенсек, ол подиумға шығып, таныла бастаған кезде барлық қыз Алла Ильчун секілді болуға тырысқан. Кейін ол саясат пен экономика ғылымдарының докторы, поляк жігіті Марк де Дюльенге тұрмысқа шығады. Ғалым болса да, ол Диор студиясында фотограф ретінде еңбек ететін. Екеуі камера артында танысып, кейін отау құрған.

Еңбек еткеніне 20 жыл толғанда жанкүйерлерінің есінде әлемі, сұлу күйінде қалғысы келіп, мансабын аяқтаған.

Кристиан Диор – әлемге танымал Dior брендінің негізін қалаған дизайнер. Ол 6 жасқа толғанда отбасымен бірге Парижге көшкен. Ең қызығы 14 жасында бір сыған Кристиан Диордың болашағын болжап, әйелдердің арқасында байлыққа кенелетінін айтқан. Әрине жас бала оның сөзіне иланбайды, себебі Кристиан Диордың отбасының жағдайы жақсы еді. Бірақ шығармашылық бағытта бет бұрған ол араға бірнеше жыл салып сән үйін ашты.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ИНТЕРНЕТ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Қазір адам үшін интернет – ауадай қажет құрал. Біз ояңған сәттен бастап ұялы телефонға үңіліп, әлем жаңалығын бір сәтте біліп, мыңдаған шақырым алыстағы адаммен тілдесе аламыз. Бірақ осы көрінбейтін желі қалай пайда болды? Ол расымен аспандағы спутниктер арқылы ғана тарай ма?

Интернеттің тарихы өткен ғасырдың ортасына барып тіреледі. 1960 жылдары АҚШ Қорғаныс министрлігі ғылыми зерттеулерді жаңа деңгейге көтеру үшін ақпарат алмасудың сенімді жүйесін жасауды қолға алды. Сол кезеңде пайда болған «ARPANET» атты жоба кейін бүкіл интернеттің бастауына айналды. Оның басты мақсаты бір орталық істен шықса да, желі толық тоқтап қалмайтын жүйе құру еді.

Алғашқыда бұл желі тек бірнеше университет пен зерттеу орталықтарын ғана байланыстырған. Бірақ уақыт өте келе технология дамып, жаңа желілер қосылып, ақпарат алмасу ауқымы кеңейе түсті. 1980 жылдары TCP/IP протоколы енгізіліп, әртүрлі компьютердің бір тілде «сөйлесуіне» мүмкіндік туды. Бұл интернеттің толық қалыптасқан кезеңі еді.

Көпшіліктің санасында интернет дегеніміз спутник арқылы таралатын сигнал сияқты елестейді. Шын мәнінде, бұл ақпарат толықтыруды қажет етеді. Иә, спутниктер қолданылады, бірақ олар интернеттің негізгі тірегі емес. Ғаламтордың басты «тамырлары» жердің үстімен де, астымен де, тіпті мұхиттардың түбімен де өтеді.

Иә, бұл рас. Әлемдік интернеттің басым бөлігі мұхит түбіне төселген арнайы кабельдер арқылы жұмыс істейді. Бұл кабельдер оптикалық талшықтан жасалған, яғни жарық сигналдары арқылы ақпаратты аса жоғары жылдамдықпен жеткізеді. Атлант және Тынық мұхиттарының астында созылып жатқан мыңдаған шақырымды құрайтын желілер құрлықтарды бір-бірімен жалғап жатыр. Осы кабельдер болмаса, бүгінгі жаһандық байланыс мүмкін болмас еді. Ең қызығы, кабельдердің ұзындығы сонша, барлығын бір-біріне жалғаса,

Жер планетасын 37 рет орап тастауға болады екен. Қазақстанға ең жақын кабель Каспий теңізінің түбінде жатыр.

Сонда «спутниктер не үшін қажет?» деген сұрақ туындайды. Олар көбіне шалғай аймақтарда, мысалы, таулы немесе инфрақұрылымы әлсіз өңірлерде интернет жеткізу үшін пайдаланылады. Сонымен қатар теңіздегі кемелер мен ұшақтар да спутник байланысына сүйенеді. Дегенмен жылдамдық пен тұрақтылық тұрғысынан кабельдік байланыс әлдеқайда тиімді.

Интернеттің таралуына келсек, ол бір ғана көзден шығатын жүйе емес. Бұл миллиондаған сервер мен құрылғылардан құралған алып тор. Әрбір сайт белгілі бір серверде орналасады. Сіз сол сайтты ашқанда, сұранысыңыз кабельдер арқылы сол серверге жетіп, қайта жауап ретінде қажетті ақпарат келеді. Бұл процесс көзді ашып-жұмғанша жүзеге асады.

Бүгінгі интернет – адамзат өркениетінің ең ірі жетістігінің бірі. Ол тек байланыс құралы ғана емес, білімнің, мәдениеттің, экономиканың алтын көпірі. Бір кездері әскери жоба ретінде басталған бұл жүйенің бүгінде бүкіл адамзатты біріктіретін құрал боларын кім білген...

Нұршат НЫШАНОВА

КОЛЛАЖ А.НҰР